ЕЛ ДАМУЫНЫҢ ДРАЙВЕРІ

5-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА

ОҚУШЫ СӨМКЕСІ АУЫР МА?

7-БЕТ | БІЛІМ

ОРМАНДЫ НЕГЕ ОТ ШАЛДЫ?

11-БЕТ | ЖАСЫЛ ҚАЗАҚСТАН

> Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:
>
> Біз бүгін алдағы реформалардың бағыт-бағдарын айқындап алдық. Енді мемлекетімізді және қоғамның барлық саласын жаңғырта түсуге тиіспіз. Саяси реформалар «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» формуласымен жүзеге асырылып жатыр. Бұл тұжырым – қоғамымыздың мызғымас тұғыры.

№106
(4384)
Бейсенбі
8 қыркүйек
2022 жыл

NurSultan

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ЖҰМЫЛА КӨТЕРГЕН ЖҮК ЖЕҢІЛ

«Қостанай, біз біргеміз!» қайырымдылық шарасы аясында елордалық Қазақстан халқы Ассамблеясы өрттен зардап шеккен Қостанай облысының тұрғындарына 40 тонна гуманитарлық көмек жіберді. Қазір елдің әр өңірінде Қостанай облысындағы алапат өрт салдарынан баспанасыз қалған отбасыларды қолдау мақсатында арнайы штабтар құрылып, қаржылай және заттай көмек көрсетуде. Сауапты іске елордалықтар да белсенділік танытып жатыр.

3



«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ 150 ЖЫЛ» МОНЕТАСЫ

Қазақстан Ұлттық банкі AHMET BAITURSYNULY. 150 JYL коллекциялық монетасын айналымға шығарды.

Монетаның бет жағындағы орталық бөлігінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген. Елтаңбаның сол және оң жағында ұлттық ою-өрнек элементтері орналасқан. Жиегінде айналдыра – QAZAQSTAN ULTTYQ BANKI • NATIONAL BANK OF KAZAKHSTAN деген жазу бар. Монетаның төменгі бөлігінде номиналын білдіретін жазу бар: күмістен жасалған монетада – 500 TEŃGE, мельхиор қоспасынан жасалған монетада – 100 TEŃGE.

Монетаның сырт жағында Ахмет Байтұрсыновтың плакаттық графика стилінде орындалған портреттік бейнесі орналасқан.

12 ЖЫЛДА 2 ЕСЕ КӨБЕЙДІ

Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша республикалық маңызы бар қалалардағы халық саны айтарлықтай өсті.

2021 жылғы санақ қорытындысы негізінде жинақталған деректерді қайта есептеуден кейін 2022 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша қалалардағы тұрғындар санының көрсеткіші мынадай болды: Нұр-Сұлтан – 1 328 535, Алматы – 2 135 365 және Шымкент – 1 179 045 адам.

2009 жылғы санақ қорытындысы бойынша елордада 619 мың адам тұрған.

Ал 2021 жылғы санақтың нәтижесінде Нұр-Сұлтан қаласы тұрғындарының саны екі есеге артып отыр.

№106 (4384) 08/09/2022 Бейсенбі

ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТУДЫ ТАПСЫРДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Астана» халықаралық қаржы орталығының басқарушысы Қайрат Келімбетовті қабылдады. Президентке «Астана» халықаралық қаржы орталығы жұмысының қазіргі нәтижелері, сондай-ақ Мемлекет басшысының маусым айында АХҚО-ны басқару жөніндегі кеңестің отырысында берген тапсырмаларының орындалуы туралы есеп берілді.

Қайрат Келімбетовтің айтуынша, АХҚО-да әлемнің 65 елінен 1500-ден аса компания тіркелген. Тартылған инвестицияның жалпы көлемі 6,9 миллиард долларға жеткен. Astana International Exchange (AIX) биржасы арқылы 321 миллион доллардан астам акционерлік капитал және 2,1 миллиард доллар қарыз капиталы тартылды. АХҚО соты мен Халықаралық арбитраж орталығы жалпы 1200-ден астам даулы мәселені қарастырған.

Сонымен қатар Мемлекет басшысына Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) жуырдағы есебінде АХҚО-ның салық режимі салық ашықтығының жаһандық стандарттарына сай келеді деп танылғаны жөнінде мәлімет берілді. Қасым-Жомарт Тоқаев елдің экономикалық дамуында «Астана» халықаралық қаржы орталығы маңызды рөл атқаратынын атап өтіп, шетелдік инвестиция тарту жұмыстарын күшейту қажет екенін айтты.

ҚҰРЫЛТАЙҒА ДАЙЫНДЫҚ БАРЫСЫН БАЯНДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаевты қабылдады. Президентке 14-15 қыркүйекте елордада өтетін Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VII съезіне дайындық туралы мәлімет берілді.

Парламент Сенатының төрағасы, Съезд хатшылығының меңгерушісі Мәулен Әшімбаев дінаралық форумға 50-ден аса елден 100-ден астам делегация келетінін жеткізді. Аталған жиынға Рим Папасы Франциск, Әл-Азһардың Жоғарғы имамы шейх Ахмад ат-Тайеб және басқа да діндер көшбасшылары қатысады деп жоспарланып отыр.

Сенат төрағасының айтуынша, алдағы іс-шара әлемдік бұқаралық ақпарат құралдарының қызығушылығын тудырып отыр. 200-ден астам шетелдік және 300-ден астам қазақстандық БАҚ өкілдері аккредитациядан өткен. Съезд аясында Декларация қабылданады. Бұл қорытынды құжат форумға қатысушылардың өркениетаралық және конфессияаралық, сондай-ақ жаһандық дамудың өзекті мәселелеріне деген ұстанымын білдіреді.

Президент қазіргі жағдайда съезд өткізудің маңызы жоғары екеніне тоқталды. Қасым-Жомарт Тоқаев жаһандық диалог мәдениетін ілгерілету қажеттігін және Қазақстанның осы үдеріске қатысуы маңызды екенін атап өтті. Сонымен қатар Мемлекет басшысына Сенаттың алдағы уақытқа арналған жұмыс жоспары баяндалды.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ НЫҒАЯДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Германияның экономикалық делегациясын қабылдады.

Кездесу барысында Қазақстан мен Германия арасындағы сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастық мәселелері талқыланды. Мемлекет басшысы Германия Үкіметі мен бизнес өкілдеріне ілтипат білдіре отырып, еліміз энергетика, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, көлік және логистика, білім, ғылым және техникалық бағыттағы кадрларды даярлау сияқты негізгі салалар бойынша серіктестікті тереңдетуге мүдделі екенін атап өтті. Қазіргі уақытта Үкімет 800 әлеуетті инвестициялық жобадан құралған жобалар пулын әзірледі. Сондай-ақ Қазақстан Германия компанияларын елімізге тарту үшін қолайлы жағдай жасауға дайын.

«Германия – Қазақстанның Еуропа Одағындағы ең маңызды серіктесі. Қазақстанда Германия капиталының үлесі бар 600-ден астам кәсіпорын табысты жұмыс істеп жатыр. Сауда-саттықты арттырып, инвестиция көлемін ұлғайту үшін мол әлеует бар» деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Сонымен қатар Президент Германияның техникалық мамандықтар бойынша кадр даярлау тәжірибесіне қызығушылық білдірді. Атап айтқанда, Қазақстан отандық мамандардың деңгейін көтеру үшін Германияның техникалық институттары өкілдіктерін, зертханаларын, ғылыми және құзырет орталықтарын ашу мүмкіндігін қарастырып жатыр.

КОМПАНИЯНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕСІН ТАЛҚЫЛАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «АрселорМиттал» компаниясы басқармасының атқарушы төрағасы Лакшми Митталды қабылдады.

Кездесуде «АрселорМиттал Теміртау» компаниясының Қазақстандағы қызметінің өзекті мәселелері мен алдағы уақытқа арналған жоспары талқыланды. Сондай-ақ өндірісте қауіпсіздікті қамтамасыз ету, жергілікті тұрғындарға әділ еңбекақы төлеу, әлеуметтік міндеттемелерді орындау және материалдық-техникалық базаны жаңғырту мәселелері әңгіменің арқауына айналды.

Мемлекет басшысы компанияның аталған талаптар мен міндеттемелерді орындауы аса маңызды екенін айтты. Сонымен қатар Президент ішкі нарықтың қажеттілігін «АрселорМиттал Теміртау» кәсіпорнының өнімдерімен өтеу мәселесіне мән берді. Бұдан бөлек, компанияның парниктік газ шығарындыларын азайту шараларына да назар аударылды.

Лакшми Миттал Қасым-Жомарт Тоқаевқа жуық арада «АрселорМиттал» компаниясы Қазақстанға 1 миллиард доллар көлемінде инвестиция құятынын, оның басым бөлігі өндірісті жаңғыртуға бағытталатынын жеткізді.

ҚАЛАНЫҢ ШЕТ АЙМАҒЫ ҚАЛАЙ ДАМЫП ЖАТЫР?

Елордадағы абаттандырылған аудандар мен елді мекендердің арасындағы теңсіздікті жою үшін жүйелі жұмыс жүргізіліп жатыр. Бұл туралы Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов мәлім етті. Елді мекендердің даму барысы туралы қала басшысы әлеуметтік желідегі парақшасында жазды.

«Қаламыздың әрбір төртінші тұрғыны елді мекендерде, яғни елорданың шеткі аймақтарында тұрады. Абаттандырылған аудандар мен елді мекендер арасындағы теңсіздікті жою үшін жүйелі жұмыс жүріп жатыр. Түйткілді мәселелердің бірі – инженерлік желілер. Қаланың елді мекендерінде 50 шақырым инженерлік желі салынды, оның ішінде 11 шақырымы – кәріз, 20,7 шақырымы – сумен жабдықтау желісі, ал 3 шақырымнан астамы – нөсер кәрізі. Биыл тағы 10 шақырым инженерлік желінің құрылысын аяқтаймыз» деді қала басшысы.

«Елді мекендерді жеке-жеке аралап, жергілікті тұрғындармен кездесу өткіземіз. «Кирпичный» тұрғын алабының тұрғындарымен кездестім. Осыған дейін қала тұрғындары оқу орындарына байланысты, нақтырақ айтқанда, №12 мектеп бойынша мәселе көтерген болатын. Бұл мектеп осыдан 60 жыл бұрын салынған, қазір апатты жағдайда, ал ішіндегі құрылымдары жарамсыз күйде тұр. Оның ғимаратын бұздық, қазір орнына жаңа, жайлы мектеп салу жұмысы басталды. Мектепті 2023 жылы салып бітіруді жоспарлап отырмыз. Сол сияқты жеке инвестор есебінен балабақшаның құрылысы жүріп жатыр. Бұдан бөлек, Чехоев көшесіндегі (Байқоңыр ауданы, Кирпичный елді мекені) апатты үйлердің тұрғындарымен кездестім. Ондағы үйлердің бір бөлігін (барақтар) 2024 жылы бұзылатын ғимараттар тізіміне енгіземіз. Бейнебақылау камераларын орнату, жол мәселесі, аула клубтары, абаттандыру секілді түрлі проблемалар қозғалды. Бұл мәселелерді жүйелі түрде шешуді қолға аламыз» деп сөзін жалғады А.Көлгінов.

Қала әкімінің айтуынша, елді мекендер жекеменшік сектор болғандықтан, 680 шақырым газ тарату желісі салынды. Алматы және Сарыарқа аудандары газбен қамтамасыз етілген. Ал Байқоңыр және Есіл аудандарында жеткізуші газ құбырын (2023 жылы кварталішілік желілер) салу жұмысы жүріп жатыр.

Сондай-ақ Алтай Көлгінов соңғы жылдары елді мекендердің өзінде 250 көше салынып, жөнделгенін тілге тиек етті. «Биыл тағы 70 көшеге асфальт төсейміз, оның негізгі бөлігі аяқталды. Сол сияқты 300-ден астам аула мен қоғамдық кеңістік (саябақтар, гүлзарлар, желекжолдар) абаттандырылды, дене шынықтыру-сауықтыру кешендері, бірқатар оқу орындары салынды. Мемлекет басшысы қаланың шет аймақтарын дамытуға ерекше көңіл бөледі. Біздің мақсатымыз – елді мекендерге қажетті инфрақұрылым жүргізіп, тұрғын үйлер, әлеуметтік нысандар, демалыс орындарын және тағы басқаларды салу» деді елорда әкімі.

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Израильдік археологтар елдің оңтүстігіндегі Негев шөлінде көне мешіттің іргетасын тауып алды.

Мешіт жартылай шеңберлі намаз оқу орны – михрабы бар төртбұрышты шағын бөлме болды. Сондай-ақ мешіттен алыс емес жерде Византия дәуірінен қалған ферма үйі мен ерте ислам дәуірінен қалған қымбат зат табылды. Ғалымдар бұл аймақта христиан дінінен исламға біртіндеп көшудің қалай болғанын жақсырақ түсінуге мүмкіндік беретінін атап өтті.

Мамандар алғаш рет қуатты лазерлердің көмегімен пластик қалдықтарын нағыз гауһарға айналдыра алды.

Жер бетінде гауһар тастар сирек кездесетіндігі үшін бағаланады, бірақ басқа планеталық жағдайларда олар тастар сияқты жиі кездеседі. Ғалымдардың пайымдауынша, Уран мен Нептунның мұз алыптары сутегі мен көміртекті экстремалды қысыммен қысып, гауһар тастар жасайды, содан кейін олар атмосфераға жаңбыр ретінде түседі дейді.

Үндістан мен Қытай коронавирусқа қарсы инесіз екпенің жаңа әдісін мақұлдады.

Оның бірі мұрынға тамызу арқылы болса, екіншісі ауызбен демалу арқылы болады. Мұрынға арналған вакцинаны Сент-Луистегі Вашингтон университетінің ғалымдары жасаған және кейіннен үнділік вакцина өндіруші Bharat Biotech лицензиясын алған. Компания екі мәрте сынақ өткізді.

ЖҰМЫЛА КӨТЕРГЕН ЖҮК ЖЕҢІЛ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Нұр-Сұлтан қалалық Қазақстан халқы Ассамблеясы қайырымдылық акциясына бастамашы болды. Оған елорданың этномәдени бірлестігінің өкілдері, ҚХА кәсіпкерлер қауымдастығы, Назарбаев университеті Жоғары бизнес мектебі түлектерінің қауымдастығы, «Alumni of Nazarbayev University School of business» КЕҰ, меценаттар, бизнесмендер және қала тұрғындары атсалысты.

Нұр-Сұлтан қаласы «Достық» үйінде ұйымдастырылған қайырымдылық акциясы барысында өрттен зардап шеккен облыс тұрғындарына 15 миллион теңгеге жуық азық-түлік, төсек-орын жабдықтары және бірінші кезекте қажетті заттары бар 40 тоннаға жуық гуманитарлық көмек жіберілді.

– Қостанай облысында алапат өрт әрбіріміздің қабырғамызды қайыстырды. Қиын жағдайда қалған отандастарымызды қолдау – азаматтық міндетіміз. Елордадан 8 тонна жүк тиелген алғашқы көмек жексенбі күні кетсе, бүгін тағы 40 тонна жүк тиеп жібердік. Елдің бірлігін көрсететін игілікті іске атсалысуға ниетті азаматтар тағы да қажетті заттарды жинап жатыр, – деп атап өтті қалалық ішкі саясат басқармасының басшысы Дәурен Бабамұратов.

Гуманитарлық көмек өрт шалған аймақтағы тіршілікті қамтамасыз етуге, өртенген үйлер мен инфрақұрылымды қалпына келтіруге бағытталуда.

– ҚХА қостанайлықтардың басына күн туғанда, қарап отыра алмады. Ішкі саясат басқармасымен бірлесіп, Қостанайға көмек көрсетіп жатырмыз, – деп атап өтті ҚХА мүшесі, «Дустлик» ҚР өзбектер қауымдастығы төрағасының орынбасары Хасан Шарипов.

КОЛЛЕДЖ ҰЖЫМЫ ДА КӨМЕКТЕСТІ

Нұр-Сұлтан қаласындағы Жоғары сауда-экономикалық колледжінің оқытушылары мен студенттері, сондай-ақ Amanat партиясының мүшелері бірігіп, Қостанай облысында өрттен зардап шеккен тұрғындарға көмек көрсету үшін қаржы жинау туралы шешім қабылдады.

Игі бастаманы қолдаушылардан 413000 теңге жиналып, бұл қаражатқа зардап шеккендерге тұрмысқа қажетті заттар, азық-түлік алынды.

Акцияға колледж ұжымы да, студенттер де белсенді қатысып, патриоттық, белсенді азаматтық ұстанымдарын көрсетті. Колледжге арнайы келген, Amanat партиясының саяси істер бөлімінің басшысы Ахмет Сейтов колледж басшылығына, оқытушылар мен студенттерге алғысын білдірді.

Аз уақыттың ішінде жиналған қажетті заттар мен азық-түлік Amanat партиясының көмегімен, тілсіз жаудан зардап шеккен отандастарымызға жол тартты.

ЖАСТАРҒА ЖІГЕР ҚОСТЫ

Елордалық Азаматтық бастамалар орталығында қаланың үкіметтік емес ұйымдарының өкілдері Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауын талқылады.

Іс-шараға азаматтық қоғам өкілдері, сондай-ақ мемлекеттік органдардың қызметкерлері қатысты.

Қалалық Ішкі саясат басқармасының басшысы Дәурен Бабамұратов Президент Жолдауы қоғамның маңызды проблемаларын шешуге бағытталған іс-шаралар кешені екенін атап өтті.

«Студенттерге жылдық 2-3 пайызбен білім несиесін алуға мүмкіндік беріледі. Бұрын мемлекет оқу үшін қаражат бөлетін. Грантқа түспеген студенттер ақылы оқыды, оқуын аяқтағаннан кейін болашақ жұмысы есебінен мемлекет алдындағы қарызын төледі. Қазір студенттер үшін жағдай одан да жақсы» деді Дәурен Бабамұратов.

Оның айтуынша, Президенттің бала күтімі бойынша төлем мерзімін 1,5 жасқа дейін арттыру, әйелдердің зейнеткерлік жасын 2028 жылға дейін 61 жасқа дейін сақтау жөніндегі тапсырмасы халық арасында оң шешімін тапты. Әсіресе, бизнесті жүргізу үшін 2%-бен несие берілетіні қуантады. Бұл – астаналық жастар үшін өте жақсы демеу.

«Қазір Президент Жолдауын талқылағанда, оны мемлекет дамуының трендінен көріп отырмыз. Қазіргі жастар елімізде демографиялық жағдай қарқын алған 2004-2005 жылдары дүниеге келген. Олар жақын арада жоғары оқу орындарын бітіріп, еңбек нарығына шығады. Президент Жолдауда келесі жылы жастар үшін 100 мың қосымша жұмыс орны пайда болатынын мәлімдеді» деді Дәурен Бабамұратов.

«Камеда» қоғамдық қорының басшысы, «Қазақстанның Азаматтық альянсының» ресми өкілі Махаббат Еспенова мемлекетпен бірлесіп қоғамдық маңызы бар жобаларды іске асыру жөнінде бірер мысал айтып берді. Атап айтқанда, ол азаматтық бастамалар орталығының қызметін жоғары бағалады.

«Бұл – азаматтық қоғам институттары мен мемлекетте болып жатқан оқиғаларға бей-жай қарамайтын белсенділер үшін көпсалалы сервистік қызмет. Егер олар қандай да бір проблеманы шешуді жоспарласа, мақсатымыз – оларды іске асыруға көмектесу. Сонымен қатар, бұл – азаматтық қоғам институттары мен мемлекеттік органдар арасындағы өзара іс-қимылды құру жөніндегі диалог алаңы. Президент өз Жолдауында билік пен қоғам арасындағы тиімді диалогтың қажеттілігін атап өтті. Бұл тұрғыда қоғамдық ұйымдардың рөлі арта түсуде» деді Махаббат Еспенова.

«Қазақстан әйелдері» қауымдастығының президенті Гүлнар Байымбетова Президент Жолдауы мемлекетіміздің дамуындағы жаңа кезең екенін атап өтті.

«Менің ойымша, азаматтық қоғам елдің ең өткір және шұғыл проблемаларын шешуге белсенді араласуы керек. Президент Жолдауында проблемалық тұстарды қамту ауқымдылығы ерекше ұнады» деп атап өтті Гүлнар Байымбетова.

ДАБЫЛ ТҮЙМЕЛІ БІЛЕЗІК

Елордадағы Достық үйінде ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған «ақылды» білезіктерді қолданысқа енгізу жобасы талқыланды.

Талқылауға ішкі саясат басқармасының басшысы Дәурен Бабамұратов, Нұр-сұлтан қаласы әкімінің кеңесшісі Қарақат Абден, «Астана еріктілері Lider.kz» қоғамдық қозғалысының мүшелері мен мемлекеттік органдардың өкілдері қатысты.

Дөңгелек үстел барысында «Астана еріктілері Lider.kz» қоғамдық қозғалысының өкілдері ерекше қажеттіліктері бар балалар үшін SOS дабылды білезікті енгізуді ұсынды. Бұл білезікті ата-анасы кілтпен ашып алмаса, бала өз бетімен алып тастай алмайды, бір рет қуаттаса, 24 сағат пайдалануға болады. Балалар көмек қажет қылған жағдайда, дабыл түймешесін басып, белгі бере алатын бұл білезік ерекше қажеттілігі бар балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге өте қолайлы.

Сарапшылардың пікірінше, болашақта бұл технологияны денсаулығында ақау бар балалар мен осындай білезіктерге мұқтаж ересектер кеңінен пайдалануы мүмкін.

БАЗАРДАҒЫ БАҒА ҚАНДАЙ?

07.09.2022

ELORDA.INFO

ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ БАР ТАУАРЛАР ТІЗБЕСІ

	Астаналық базар	«Әлем» базары	«Шапағат» базары	Көк базар (Шанхай)
Бірінші сортты бидай ұны	480	475	650	600
Бірінші сортты ұннан пісірілген нан	150	95	140	150
Макарон өнімдері	380	335	380	350
Қарақұмық жармасы	700	910	650	630
Тазартылған күріш	460	440	480	450
Картоп	180	130	125	150
Сәбіз	230	120	140	200
Пияз	240	115	110	230
Қырыққабат	200	90	130	170
Қант	680	1000	600	650
Күнбағыс майы	1100	1147	1050	1000
Сиыр еті	2750	2800	2100	2800
Тауық еті	1650	1600	1580	1700
Пастерленген сүт	400	305	380	380
Айран	450	457	450	400
Сары май	4500	4000	4500	3500
Тауық жұмыртқасы (10 дана)	530	487	450	450
Ас тұзы	100	50	80	100
Сүзбе	1000	900	900	950

Бразилияның байырғы халқы үкіметтен тропикалық ормандарды қорғауды күшейтуді талап етіп, Сан-Паулуда шеру өткізді.

Бұған дейін Гуажахара тайпасынан шыққан бірнеше үндістердің қайтыс болғаны белгілі болды. Олардың біреуі бірнеше оқ жарақатын алды, екіншісін көлік қағып кеткен. Бұл тайпаның ерекшелігі өз аумағын өздері күзетеді, орманды малдан және басқа залал келтірушілерден сақтап, қадағалап отырған.

Әлемдегі ең ірі болат өндірушілердің бірі ArcelorMittal SA электр қуатының бағасының күрт өсуіне байланысты Германиядағы екі зауытты жабуды жоспарлап отыр.

Сонымен қатар, компания сұраныстың аздығына байланысты Испаниядағы болат зауытын жабатынын хабарлады. Өткен жылы Германия мен Испанияның екі металлургия зауыты шамамен 3,65 миллион тонна металл өндірді. Жалпы алғанда, кәсіпорын жылына 70 миллион тоннаға жуық болат өндіреді.

№106 (4384) 08/09/2022 Бейсенбі

Аманжол ӘЛТАЙ,
Мәжіліс депутаты:

БАЛАЛАРҒА ҚАМҚОРЛЫҚ – МЕМЛЕКЕТТІҢ БОЛАШАҒЫ

– Президенттің халыққа Жолдауында ел дамуының бірнеше стратегиялық бағыттары айқындалды, халықты толғандырған нақты мәселелердің әділ шешімі ұсынылды. Солардың бірі – «Ұлттық қор – балаларға» жобасы.

2024 жылдан бастап ұлттық қордың инвестициялық кірісінің елу пайызы балалардың жеке есепшотына аударылып отырады. Бұл – ел дамуына үлкен серпін берер аса маңызды шешім. Ұлттық қордағы жинақталған қаражаттың бір бөлігін ұрпақ болашағына бөлу – әділеттілік баспалдағы, келешекке салынған маңызды инвестиция.

«Ұлттық қор – балаларға» жобасының маңыздылығы:

Жастардың келешекке деген сенімін нығайтады.

Он сегіз жасқа толған әр жеткіншек есепшотындағы жинақталған қаражат арқылы мақсат-мұратын іске асыра алады.

Халық санының өсіміне тікелей оң әсері болады. Себебі әр ата-ана өмірге әкелген ұрпағының мемлекет тарапынан материалдық қорғалатынына сенімді болады.

Ұрпақ – ұлт болашағы екенін терең сезіне қабылданған шешім.

Мемлекет басшысы мектепке дейінгі балалардың тәрбие ұясы болып табылатын балабақшалар санын көбейтуді, тәрбиешілердің статусын көтеруді тапсырды. Әсіресе ауыл балаларын балабақшамен қамту мәселесін басты назарда ұстауымыз қажет. Ауыл халқымен кездесулер барысында елдің маңызды аманатының бірі – осы балабақша мәселесі.

Ауылдық жерлерде бейіндік шағын мектептер салуды да нәтижелі жүзеге асыруымыз қажет. Бұл туралы да Жолдауда нақты айтылды.

Ұрпағын ойлаған ел озар!

Баласы мықты ата-ана бақытты!

Балаларға қамқорлық – мемлекеттің ертеңін ойлау!

Қарақат АБДЕН,
Нұр-Сұлтан қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі:

ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР НАЗАРДАН ТЫС ҚАЛМАДЫ

– Кейінгі кезде елімізде әлеуметтік мәселелер көбейіп, жағдай күннен күнге күрделене түскенін мойындауымыз керек. Әсіресе, қоғамды балаларға қатысты мәселелер қатты алаңдатты. Бұл – мектепалды, орта, жоғары біліммен сапалы қамтамасыз ету, ерекше қажеттілігі бар балалар мәселелері, балалардың денсаулығы, өскелең ұрпақтың мұқтаждығын өтеу проблемалары. Бұл түсінікті де, инфляцияның артуы, геосаяси жағдайдың тұрақсыздығы, бірінші кезекте қажет азық-түлік бағасының қымбаттауы халықты алаңдатпай қоймайды.

Президент өзінің Жолдауында осы күрделі мәселелердің шешімін жариялады. Анық, халыққа түсінікті тілмен, нақты, ештеңені жасырмай, еш бұлталақсыз жеткізді.

Ұлттық қордың қаржысы білім және баспана алуға бағытталатын болады. Бұл қаржы бала дүниеге келгеннен бастап, кәмелеттік жасқа толғанша тікелей оның есепшотына аударылады. Біріккен Араб Әмірліктерінде әр баланың банкте жеке есепшоты бар. Осы бағдарламаға қызығушы едім, енді біздің балалар да туғанынан болашақ өмірге жолдама беретін кепілді қаржымен қамтамасыз етіледі.

Тағы бір күрделі мәселе, әйелдердің зейнет жасын төмендету еді. Тиісті петицияға қол қойған азаматтардың саны бұл мәселенің өзектілігін дәлелдейді. Енді 2028 жылға дейін әйелдердің зейнет жасы 61 жас деңгейінде қалады. Осы мәселенің шешімі қаладағы, әсіресе ауылдағы миллиондаған әйелдерді қуантты деп ойлаймын.

Ең бастысы – ең төменгі жалақының 60 мың теңгеден 70 мың теңгеге өсуі. Осы шешім автоматты түрде барлық әлеуметтік төлемдердің сомасын арттырып, мемлекет бюджетіне салмақ түсіретінін түсінуіміз керек. Сонда да Президент осындай шешімге келді.

Жолдауда бірде-бір әлеуметтік мәселе назарсыз қалмады. Студенттерді жатақханамен қамту, балабақшаларды аттестаттау проблемалары да айтылды. Студенттер жатақханалары мемлекеттік-жекеменшік әріптестік механизмдерін енгізу жолымен салынады. Президенттің «Балабақшаны емес, тәрбиешіні аттестациялау қажет» деген сөзі осы мәселе бойынша пікірталастарға нүкте қойды.

ЖОЛДАУДЫ ІСКЕ АСЫРУДЫҢ ҰЛТТЫҚ ЖОСПАРЫ

Премьер-министр Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында Мемлекет басшысының «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауын іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық жоспардың жобасы мақұлданды.

Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыровтың айтуынша, ЖҰЖ жобасы – келесі бағыттар бойынша 109 іс-шараны орындауды қарастырады: жаңа экономикалық саясат, нақты секторды дамыту, ел болашағына стратегиялық инвестициялар, мемлекеттік басқаруды қайта жүктеу, заң және тәртіп.

Мәселен, «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасын іске қосу және жалпы медициналық инфрақұрылымды кешенді жақсарту бойынша шаралар әзірлеу жоспарланып отыр. Жаңа «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 2025 жылға дейін 800 мың оқушыға арналған мектептер салынады. Бұдан басқа, әйелдердің зейнеткерлік жасын 2028 жылға дейін жоғарылатуға (61 жасты белгілей отырып) мораторий енгізу және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап бала күтімі бойынша төлемдер беру ұзақтығын 1,5 жасқа дейін ұлғайту жөніндегі заңнамалық түзетулер қабылданатын болады.

2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Ұлттық қор – балаларға» жобасы іске қосылады деп күтіледі, оның аясында балалардың арнайы жинақтаушы шоттарына Ұлттық қордың жыл сайынғы инвестициялық кірісінің 50%-ын бағыттау жоспарланып отыр. Бұл қаражатты 18 жасқа толғанда тұрғын үй сатып алуға және білім алуға пайдалануға болады.

Сонымен қатар сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру үшін «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңды жаңарту, «Самұрық-Қазына» қорының қызметін қайта форматтау, сондай-ақ АЭА, агроөнеркәсіп кешені мен су саласы қызметінің тиімділігін арттыру үшін шаралар қабылдау жоспарда бар. Оған қоса, жаңа Салық, Бюджет және Қала құрылысы кодекстері әзірленетін болады.

Премьер-министр Жолдауды іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының жобасында Мемлекет басшысы айқындаған міндеттердің барлығы қамтылғанын атап өтті. Ол халық пен бизнестің өзекті проблемаларын шешуге бағытталған. Жоспар бағаны реттеу, салықтық және кедендік әкімшілендіру, бюджет процестерін жеңілдету, кәсіпкерлікті қолдау, автомобиль жолдарын салу, заң үстемдігі мен сот төрелігін қамтамасыз ету, қоғамдық қауіпсіздікті күшейту сияқты салаларды қозғайды.

«Жоспардың маңызды бөлігі әлеуметтік даму, денсаулық сақтау және білім беру бойынша кешенді әрі жүйелі шараларды қамтамасыз етуге бағытталған. Жалпы оны іске асыру экономиканы сапалы дамытуға және халықтың әл-ауқатын арттыруға мүмкіндік береді» деді Әлихан Смайылов.

Талқылау қорытындысы бойынша Үкімет ұсынылған құжат жобасын мақұлдады. Премьер-министр барлық мемлекеттік органдар мен әкімдіктерге Жалпыұлттық жоспарды орындауға шұғыл кірісуді тапсырды.

Анар ТЫЛАХМЕТОВА,
Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының кіші ғылыми қызметкері:

ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАНДЫ ҚҰРУ ИДЕЯСЫ – ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР

– Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылдың 1 қыркүйегінде «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты халыққа Жолдауында еліміздің экономикалық саясатының сапалы дамуына, мемлекеттік басқару ісінің қайта жаңғыруына, сонымен қатар өнеркәсіп, білім мен ғылым, отандық бизнес салаларының да өзекті де маңызды мәселелеріне тоқталды.

Мемлекет басшысы Қазақстан халқына арналған Жолдауының негізгі бөлігін еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму жолына басымдық бере отырып: «Жаңа экономикалық саясат», «Нақты секторды дамыту», «Ел болашағына арналған стратегиялық инвестиция», «Мемлекеттік басқару ісін қайта жаңғырту», «Заң және тәртіп» секілді бес нақты бағдарға бөлген.

Президент Жолдауда халықтың әл-ауқатын арттыруды алға тарта отырып, жаңа экономикалық бағдардың басты бағыты ретінде жеке кәсіпкерлік бастамаларды ынталандыруды, барлық адамдарға бірдей мүмкіндік беру арқылы бәсекелестікті дамытуды, сонымен қатар, ұлттық табысты әділ бөлу секілді кезек күттірмейтін басты міндеттерді атап өтті. Сонымен қатар, Мемлекет басшысы көкейкесті мәселе ретінде ұлттық қордың қаржысын тиімсіз жұмсау тоқтатылатыны жайында: «Ұлттық қордың қаржысын тиімсіз жұмсау тоқтатылады. Бұл – өте өзекті мәселе. Қордың қаражатын аса қажет инфрақұрылымды дамытуға және еліміз үшін маңызы зор жобаларды қаржыландыруға жұмсаймыз» деп Ұлттық қордың басты қызметі мен оның ұтымды пайдалану жолын қадап айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев кәсіпкерліктің ел дамуына қосатын қомақты үлесін ескере отырып: «Мемлекет қаржылай қолдау жасаған кезде бәсекеге қабілетті шағын және орта бизнес өкілдеріне баса мән береді. Еңбекақы төлеу қорын көбейткен және салық төлемдерін арттырған кәсіпорындарға қолдау көрсетіледі. Бұл – негізгі талап» деп, еліміздегі кәсіпкерлікті жүйелі түрде қолдау қажеттілігіне назар аударады. Сонымен қатар, еліміздегі ауыл шаруашылық саласын дамытуды басты міндеттердің бірі ретінде қарастырған. Бұл саладағы ахуалдың мемлекетіміздің азық-түлік қауіпсіздігіне тікелей әсер ететіндігін алға тарта отырып: «Ауыл шаруашылығын дамыту – негізгі проблеманың бірі. Осы саладағы ахуал мемлекетіміздің азық-түлік қауіпсіздігіне тікелей әсер етеді. Еліміздің ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемін және оның қосымша құнын арттыру қажет. Бұл – стратегиялық міндет. Қазір тек бидай мен мал сатып отыратын заман емес. Үкімет агроөнеркәсіп саласын субсидиялаудың ұзақ мерзімге арналған жаңа тәсілдерін әзірлеуге тиіс» деп ауыл шаруашылығындағы түйткілді мәселелерді еңсеру үшін тиісті шаралардың қажеттігін баса айтты.

Жолдаудың «Ел болашағына арналған стратегиялық инвестиция» атты үшінші бағдарында еліміздің басты құндылығы ретінде адам капиталына ерекше баға берілген. Бұл бағдарда қоғамның орнықты даму жолындағы ұлт саулығына, яғни денсаулық сақтау саласына баса мән беру керектігі сараланады. Бүгінгі таңдағы сақтандыру жүйесінің тиімділігі төмендеп, көпшілік халықтың медициналық қызметті толық көлемде ала алмай отырған кемшіліктердің келелі тұстарын сынға алды. Аталған олқылықтардың алдын алу негізінде ерікті медициналық сақтандыру жүйесін енгізу мәселесін көтерді. Президент Үкіметке денсаулық сақтау саласын және жалпы әлеуметтік саланы қаржыландыру жүйесін қайта қарауды нақты тапсырды.

Білім беру жүйесі қоғамның әлеуметтік-экономикалық маңыздылығын арттыруда жетекші рөл атқаратыны баршамызға мәлім. Сол себепті, Қ.-Ж. Тоқаев ұлт сапасын жақсартуға жаңа қадам ретінде білім саласының ерекшелегіне басымдық береді. Табысты ұлт болудың тағы да маңызды шарты ретінде – орта білімнің сапасына да басты назарын аударады. Әрбір оқушының білім алып, жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасалуы тиістігін сараптап, осы негізде «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы қолға алынатындығы жайлы ұтымды ойларымен бөлісті.

Президент халыққа арналған кезекті Жолдауларында жастарға қатысты өзекті мәселелердің талқылау барысын назардан тыс қалдырған емес. Осы жолғы Жолдауда да жастарға жанжақты қолдау көрсетуді – мемлекетіміздің басты міндеті ретінде қарастыруды баса айтты. Жалпы, Жолдауда жастарды қолдауға ерекше басымдық беріліп, осы бағытта көптеген жобалардың іске асырылуы көзделіп отыр. Мұның басты айғағы ретінде, еңбекпен қамтитын түрлі шаралар арқылы келесі жылдан бастап 100 мың жастың жұмыспен орналасуына мүмкіндіктердің туындайтыны, жастарға жеңілдетілген тәртіппен жылдық өсімі 2,5 пайыз болатын шағын несие берілетіндігі жайлы айтылды. Қ.-Ж.Тоқаевтың жастар мәселесіне қатысты айтылған ауқымды жобаларына жүйелі шаралар қабылданып, өз уақытында жүзеге асырылады деген сеніммен қараймыз.

Мемлекет басшысының әділетті Қазақстанды құру жолында: «Қуатты ұлттың діңгегі – халық. Ең бастысы, азаматтарымыздың денсаулығы мықты, білімі терең болуы керек» деген қайратты сөздерінен жалпыұлттық мүддені басшылыққа алатындығын аңғарамыз. Ел болашағы үшін ерінбей еңбек ету жолында: «Елімізде еңбекқор адам, кәсіби маман ең сыйлы адам болуға тиіс. Осындай азаматтар мемлекетімізді дамытады» деп, еңбек түбі береке мен бірлікке, табысқа толы зор мүмкіндіктерге жол сілтейтінін жеткізеді.

Мемлекет басшысының әділетті Қазақстанды құру жолындағы көтерген негізгі бастамалары мен салмақты ойлары мемлекетіміздің өркендеп дамуына тың серпін беріп қана қоймай, жаңа мүмкіндіктер мен қоғамдық маңызды мақсаттарға жол ашатыны анық. Президент Жолдауында көтерілген түйінді мәселелер жүйелі түрде әрі дер кезінде орындалатын болса, қазақстандықтардың әл-ауқаты артатыны рас. Ұлт мүддесі мен жарқын болашаққа нық қадам басу жолында еліміздің әрбір азаматы «жұмылған жұдырықтай» берік ынтымақтастықта биік белестерді бірлесіп атқаруды ұмытпағаны абзал. Жаңа Қазақстанның жаңаруы мен жаңғыру жолында жасалынып жатқан жүйелі реформалар ел өркендеуінің берік негізі болады деп үміт артамыз.

№106 (4384) 08/09/2022 Бейсенбі

ЕЛ ДАМУЫНЫҢ ДРАЙВЕРІ

Қазіргі таңда елорда «Нұр-Сұлтан – жайлы қала» мастер-жоспары аясында дамып келеді. Жоба аясында бұрынғы ескі үйлердің орнына, көше бойларына шағын саябақтар салынып, ондағы ойын және спорт алаңдары қала тұрғындарының жиі баратын, бос уақытын тиімді пайдаланатын орындарына айналды.

Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ

«Нұр-Сұлтан – жайлы қала» жоспары жүзеге асырылғалы бері жаяу жүргіншілерге жағдай жасалып, полицентриализмге бағытталған тәсілдер енгізілді. Нәтижесінде, айналамызда жасыл алаңдар мен велосипед жолдарының саны көбейді, көпірлер мен қоғамдық кеңістіктердің қатары артты. Әу баста көзделгендей, осылайша бас шаһар шын мәнінде адамдар үшін жайлы қалаға, экологиясы таза әрі тұрақты, сондай-ақ тұрғындары белсенді өмір салтын жүргізетін салауатты шаһарға айналып келеді.

«ХАЛЫҚ ҚАТЫСАТЫН БЮДЖЕТ» ЖОБАСЫ

2020 жылы Нұр-Сұлтан қаласының Урбанистика орталығы елорда әкімшілігімен бірлесіп «Нұр-Сұлтан – жайлы қала» мастер-жоспарын құрды. Бұл әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясы аясында жайлы, тұрақты және белсенді өмір салты бар сау қала құру мақсатында қолға алынған болатын. Жобаны жүзеге асыруға қалалық урбанистер белсене кірісті.

– Біз алдымен халықтың қажеттіліктерін анықтаймыз, өйткені барлық өркениетті елдердегі секілді XXI ғасырда қалалар дәл адамдар үшін жобалануы тиіс. Сол себептен азаматтарды тарта отырып, қоғамдық орындарды, аулаларды бірлесе жобалаймыз және елорда көшелерін қайта жаңғырту жұмыстарын жүргізуге тұрғындармен бірге атсалысамыз. Бүгінгі таңда қала секторларға бөлінген және әлеуметтік инфрақұрылым да халықтың тығыздығына негізделіп жоспарланған. Бұл ретте біз мектептер, балабақшалар, емханалар және т.б. салу кезінде қадамдық қолжетімділік қағидатын ұстанамыз, – деді орталық жетекшісі Елнар Базыкен.

Расында да, қазір қала тұрғындарының қатысуымен аулалар түбегейлі өзгертілуде. Жаяу жүргіншілерге арналған көшелер де көп. Серуендеушілер бұрын тым сирек болса, бүгінде олардың қатары күн санап өсіп келеді. Сайып келгенде, мұның бәрі «Халық қатысатын бюджет» жобасының жемісі екені шындық. Қазір адамдар өздері таңдау жасап, аулаларды қалауы бойынша өзгертуге қол жеткізуде.

Қала басшысының мәлімдеуінше, қазіргі таңда Нұр-Сұлтанда 1,2 миллион адам тіркелген. Есептеу көрсеткіші бойынша 2030 жылға дейін елордалықтар саны екі миллионнан асады. Осыған орай, оларға тиісті жағдай жасау мақсатында шаһар басшылығы әр кварталда мектептер, балабақшалар, медициналық орталықтар, спорт нысандары, сондай-ақ қоғамдық кеңістіктер мен инженерлік инфрақұрылым сияқты әлеуметтік нысандардың болуына ерекше басымдық беріп отыр.

Биыл осы жоба аясында қала тұрғындарының өтініштері мен қоғамдық кеңістіктердің қажет екендігін ескере отырып, Бараев көшесінде, Уәлиханов көшесінен Республика даңғылы бойы абаттандырылды. Былтыр 500-ге жуық аула абаттандырылса, алдағы уақытта тағы 200-ден астам қоғамдық кеңістік пен аула құрылады. Бұл жұмыстар елорданың барлық ауданын қамтыды.

Соңғы кезде Мемлекет басшысының тапсырмасымен қаланы көгалдандыруға да баса назар аударылып келеді. Орталық жетекшісінің айтуынша, тек 2021 жылы елордада 1 миллионнан астам жасыл өсімдіктер: бұталар, ағаштар, көшеттер, жөке мен бозқараған бұталары отырғызылды. Ал «Астана Опера» театрының маңында 1000 бозқараған бұтасы мен 700 емен ағашы орналастырылды. Көгалдандыру жұмыстары осы жылы да жалғасып жатыр.

ҚАЛА КӨРКІ – ҚОҒАМДЫҚ КЕҢІСТІКТЕР

Елордада қоғамдық кеңістіктер ашу бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Жаяу серуендеуге арналған Demalys Promenade және «Театр бульвары» құрылып, Сарайшық көшесінде жаңа арт-кеңістік пайда болды. Тағы да бір танымал, стритболдық аумақ, паблик-арт бар көпір асты кеңістік Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті маңында орналасқан. Таңертеңгі уақыттан кешке дейін сол жерде баскетбол ойнап жатқан жастарды немесе демалып отырған адамдарды кездестіруге болады. Бұл кеңістіктер қала тұрғындары үшін көрікті жерлерге айналды.

Бас шаһардың әкімшілік ғимараты алдындағы орталық алаңда қалалық сквер ашылды. Абылай хан даңғылы мен Манас көшесі қиылысында, нақтырақ айтсақ, «Встреча» сауда үйінің маңында салынған жаңа қоғамдық кеңістікте балалар ойын алаңы, көлеңкелі шатырлар, гүлзарлар жасалып, коммерциялық павильондар ретке келтірілді. Сондай-ақ асфальт жабындысы брусчаткаға ауыстырылып, автотұрақ орны оңтайландырылды, кедергісіз орта жасалды.

Алматы ауданындағы Момышұлы даңғылы мен Төлебаев көшесінің қиылысында орналасқан «Достық» саябағы қайта жаңғыртылды. Сонымен бірге, Бейбітшілік және келісім сарайы аумағында амфитеатр, қаланың оң жағалауындағы тағы бір жаяу жүргіншілер жолы, алдағы уақытта тағы жүзге жуық аула мен қоғамдық кеңістік салынды. Олардың барлығы қала тұрғындары үшін де, қала қонақтары үшін де тартымды орындарға айналды. Сондай-ақ елордада құтқарушылар, мұғалімдер, медицина қызметкерлерінің құрметіне жаңа саябақтар ашылды. Қоғамдық кеңістіктер мен аула аумақтарында баскетбол/футбол алаңдары, workout-аймақтар, демалысты тыныш орында өткізуге арналған аймақтар, әткеншектер, скейт-аймақтар және т.б. бой көтерді. Осылайша, елордада қараусыз қалған учаскелер мен батпақты жерлер саны айтарлықтай азайды. Олардың орындары қала тұрғындары мен қонақтары үшін тартымды жерлермен толығып, тұрғындарды қуанышын еселей түсті.

ТАЗА АУА – ЖАНҒА ДАУА

Жұтқан ауамыз жұпар аңқысын десек, айналамызды таза ұстауға дағдыланып келеміз. Дәл осы қағиданы басшылыққа отырып, Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы жақында кіші Талдыкөл аумағында игі іс-шара ұйымдастырды. Экологиялық акция аясында Сығанақ көшесінің бойына 300-ден астам жапырақты ағаш отырғызылды.

– Бірінші кезеңде 600 данадан астам жасыл желек отырғызу жоспарланған. Бүгінгі таңда акция аясында 300-ден астам ағаш отырғызылды, олар ылғалға төзімді. Алдағы уақытта бұл шара жалғасын тауып, одан әрі көше жағынан ұсақ жапырақты қарағай отырғызылады, – деді Нұр-Сұлтан қаласы Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасының табиғат пайдалануды және құқықты реттеу саласындағы мемлекеттік қызметтер бөлімінің бас маманы Уәлихан Қуанышев.

Акцияға қатысқан жүзден астам адамның арасында қала тұрғындары мен «Астана жастары» жастар ресурстық орталығының еріктілері және экоактивті белсенділер болды. Олар су түбін лай және басқа да зиянды шөгінділерден тазартты. Елнар Базыкен жақын арада Талдыкөлде алғашқы аквапарк пайда болатынын, ол бүкіл халықты, сондай-ақ қала қонақтарын өзіне тартатын көрнекті орындардың біріне айналатынын атап өтті. Жоба бойынша қала билігі күнделікті демалыс аймақтары мен жайлы қалалық орта нысандарын табиғатқа барынша сәйкес келетіндей етіп біріктіруге тырысуда.

– Бүкіл әлемде урбанизацияның өсу процесі байқалады. Бұл ретте көптеген ірі қалалар табиғи аумақтармен байланыста болады. Осыған орай, Талдыкөлде серуендеу аймақтары құрылатын болады. Халықаралық тәжірибе сулы-батпақты алқаптарды дамытудың және олардың базасында үлкен және кіші Талдыкөлде экопарктер құрудың орнықты стратегиясы үшін қолданылатынын атап өткен жөн. Қаладағы табиғат бұрышы қала тұрғындарының сүйікті орнына айналуы мүмкін. Аймақ аумағы шағын архитектуралық нысандармен, халық демалатын орындармен абаттандырылып, көгал шөптері егіліп, жасыл желектер отырғызылады, – деді орталық жетекшісі.

Қазіргі уақытта кіші Талдыкөлде су балансын сақтай және толықтыра отырып, рекреациялық аймақ құру бойынша жобалау-сметалық құжаттама әзірленуде. Сонымен қатар, серуендеу инфрақұрылымы пайда болады: жағалаудағы сулы-батпақты жерлерде террассалық жағалау сақталады және флора мен фаунасы бар экоклимат үшін жағдай жасалады. Қысқасы, қала аумағы экологияның нашарлауына жол бермей, адамдарға ыңғайлы дамуда. «Нұр-Сұлтан – жайлы қала» мастер-жоспарындың басты құндылығы да осы болса керек.

ЕСКІ ҮЙЛЕР СҮРІЛЕДІ

Нұр-Сұлтан қаласының Байқоңыр ауданының көп қабатты тұрғын үйлерінде үй-жайлар мен пәтер иелерінің мақсатты қаражаттарын жинау есебінен жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары қарқынды жүргізіліп жатыр.

Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңнамасына сәйкес ортақ мүлікке үйлердің шатыры, қасбеті, кіреберістері, кіру топтары мен жертөле үй-жайлары жататыны белгілі. Осыны ескере отырып, бүгінгі күні қызмет көрсететін ұйымдар Ш.Уәлиханов көшесі 23, 25, 25/1, 25/2, 23/1 («Ақжол НС» тұтыну кооперативі), А.Бараев к-сі, 25 («Юбилейный-2009» ӨК), С.Сейфуллин к-сі 40 («Дара-2017» ПИК), Иманов к-сі 17 («Москва KZ тұрғын үй кешені» МИБ), А.Иманов көшесі 50/1 («Эксплуатация – НС» ЖШС) мекенжайларда жөндеу жұмыстарын жүргізуде. Атап айтсақ, Асан қайғы көшесінде қосымша электр қуаты қосылғаннан кейін Күлтегін көшесіндегі электр желісі демонтаждалады. Алдағы уақытта жеке сектордың орнына әлеуметтік нысандар, тұрғын үй кешені, қоғамдық кеңістіктер бой көтереді.

Негізі, Асан қайғы көшесінің өзінде 200-ден астам үй орналасқан. Мұнда Уәлиханов көшесіне параллель, инженерлік желілері толық сегіз жолақты жол салу жоспарланып отыр. Міне, осыдан кейін шағын аудан инвесторлар үшін де тартымды болмақ. Осылайша, биылдан бастап Күлтегін, Асан қайғы, Сырдария және т.б. көшелердегі үйлер кезең-кезеңімен сүріледі.

КЕМІРГІШТЕРГЕ ҚАРСЫ КҮРЕС

Нұр-Сұлтан қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы мердігер ұйыммен бірлесіп, елордада дератизациялау іс-шараларының күзгі кезеңін бастады.

Зиянкес кеміргіштерге қарсы күрес қаланың ашық аумақтарымен бірге жеке секторды қамтиды. Бір ай ішінде жайылымдар мен өзен арналары, сквердер, су айдындары мен саябақтар аумағында толығымен өңдеу жүргізілетін болады.

«26 қыркүйектен бастап 25 мыңнан астам үйді қамтитын жеке сектор өңделіп, оларға улы заттар таратылады. Улы препараттар Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген препараттарды қамтитын болады» деді Нұр-Сұлтан қаласының қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасының жетекші маманы Мадияр Нарымбиев.

АҚБҰЛАҚТЫ ОҢАЛТУ ЖОБАСЫ ЖҮЗЕГЕ АСТЫ

Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасының бастамасымен елордадағы Ақбұлақ бұлағын биологиялық ремедиациялау немесе «оңалту» пилоттық жобасы іске қосылды.

Су қоймасының экожүйесін қалпына келтіру және биологиялық мелиорация әдісімен антропогендік жүктемені азайту мақсатында ұйымдастырылған шараға ҚР Экология, геология және табиғи ресрустар министрлігі экологиялық реттеу комитетінің Нұр-Сұлтан қаласы бойынша Экология департаментінің өкілдерімен бірге Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Есіл бассейндік инспекциясының, «Қазсушар» РМК, елорданың бейінді басқармасының, «Бұқтырма уылдырық шашу-өсіру шаруашылығы» ЖШС-нің өкілдері және экобелсенділер қатысты.

– Қалалық Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасының бастамасымен пилоттық жобаны жүзеге асырып жатырмыз. Жобаның мақсаты - су қоймасының экожүйесін қалпына келтіру және биологиялық мелиорация әдісімен антропогендік жүктемені азайту болып табылады. Қамтылған пилоттық учаскенің ауданы Ақбұлақ бұлағы су айдынының жоғарғы бөлігінде 50 га аумақты құрайды. Бұл әдіс қопсытқышта өсірілген бір клеткалы жасыл балдырлардың «хлорелла» штамдарын қолдануды қамтиды, – деді «Бұқтырма уылдырық шашу-өсіру шаруашылығы» ЖШС-нің директоры Сымбат Ануарбеков.

Айтуынша, суспензия – балдырлар жүзетін қоректік орта. Судың бай жасыл түсі мен физикалық қасиеттері бар. Өсіру үшін планктонды штамдар қолданылады.Тазарту және оңалту кезінде хлорелла концентрацияланған суспензиясын пайдалану нәтижесінде су айдынының экологиялық жай-күйі бірнеше көрсеткіштер бойынша жақсарады деп күтілуде. Атап айтсақ, су айдынының физикалық-химиялық көрсеткіштерін жақсарту; суда ерітілген оттегі концентрациясының жоғарылауы; су айдынының гидробиологиялық көрсеткіштерін жақсарту, зоопланктон мен зообентос санының және биомассасының өсуі; ихтиофауна санының артуы судың жай-күйіне жақсы әсер етеді екен.

№106 (4384) 08/09/2022 Бейсенбі

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ және БІРТҰТАС АЛАШ ИДЕЯСЫ

(Соңы. Басы №105 (4383) санында)

Тұрсын ЖҰРТБАЙ, филология ғылымдарының докторы, профессор

Міне, мұның барлығы тура сол тұстағы қазақтың талмалы тұсы болатын. Соның ішіндегі ең бейбіт мәселенің бірі, дәл бүгінгі күндегі сияқты әліпби мәселесі еді. Өйткені дәл қазір ықпалы заласыз көрінгенімен де, сол бір жол айырығы тұсында ерекше мәнді а) жер мәселесі мен ә) әліпби б) грамматика г) термин туралы пікірталасында: қазақтарды татарлардың көзқарасын ұстануға қарай қақпайлаған, татар тілі – иісі түрік жұртына ортақ тіл болу керектігі жөнінде тікелей талап қойған татар көпестерінің демеуімен шығып тұрған, «Айқап» журналының ұстанымына қарсы тұру арқылы «Қазақ» газеті қазақ идеясының өміршең екендігін дәлелдеді. Өздерінің түпкі мақсатына жете алмайтынын, «Қазақ» газетінің ерекше бедел алып, енді мойынұсындырмайтынын білген «Айқаптың» «иплаштары» біртіндеп демеушіліктен бас тартты. «Айқапты» көтермелейтін қазақ көпесі әлі қалыптаспаған еді. Сондықтан да ол журнал жабылып тынды.

Осындай нәзік мәселенің өзінен жол таба білген және бүгінгі қазақ әліпбиінің толысқан нұсқасын өмірге әкелгені үшін де біз «Қазақ» газетінің және оны шығарушылар Ә.Бөкейханов пен А.Байтұрсыновтың, М.Дулатовтың, демеушісі Оразай Ахмедтің алдында тағзым етеміз.

1990 жылғы «Қазақстанның суверенитеті» туралы мәлімдемеде қамтылған жоғарыдағы бес түрлі ұлттық ұстаным бұтақтала келіп, 2002 жылғы жерді сату туралы заң жобасынан кейін қазақ мемлекеті ұлттық идеядан толық арылып, беймарал мемлекеттің құрылымына көшті. Ал «Жапония сияқты ғылымға сүйенген ұлттық-демократиялық мемлекет құру керек» деген ұстаным үшін анық емес деректерге сүйенсек, кезінде 60 мыңдай адам «жапон шпионы» ретінде ату жазасына кесіліпті.

Қазір дәстүрсіз ұрпақ қалыптасып келеді. Бұл – үлкен рухани апат. Тәуелсіз экономика мен тәуелсіз ғылым жоқ. Ал тәуелсіз ғылымсыз – тәуелсіздік те, зиялы да, болашақ та жоқ. Тағы да сол «сорлы» Абай: «... малды сарп қылып ғылым табу керек. Ғылымсыз ахирет те жоқ, дүние де жоқ. Ғылымсыз оқыған намаз, тұтқан ораза, қылған қажылық, ешбір ғибадат орнына келмейді» дейді.

Біз сол ғылымды «малдың», яғни, бизнестің құрбандығына шалып отырмыз.

Ұлттық ұйытқының, мектептің, соның ішінде бастауыш мектептің ұлттық мәйегі ұйымаған. Ботаника пәнінен – Қазақстанның шөптерінің түрі мен атауларын, зоологиядан – Қазақстанның жан-жануар мен хайуанаттар дүниесін, жағырапиядан – жер мен су атауларын, жер қыртысының аттарын, астрономиядан – «он сегіз мың ғаламның» қазақша атауларын, тарихтан, өзгені былай қойғанда, қазақ хандығының құрылған жылы туралы нақты мәліметті таба алмайсыз (бұл ретте тарихшылар әлі бір тоқтамға келген жоқ).

«Саудасы – ар мен иманы» деп Абай айтқандай, дін саясат пен бизнестің құралына айналды.

Мемлекеттік тіл мемлекеттік қолданымнан шеттетіліп отыр. Мысал керек пе? «Кітап шығарудың қажеті қанша? Оны кім оқиды? Электрондық нұсқа бар» дейтін министрлер мен ректорлар пайда болды.

Мемлекет өз ұлтынан ажырай бастады. Екеуінің ойы екі басқа. Енді олардың басы қайта біріге ме, жоқ па? Әй, қайдам.

Бұның барлығы нені танытады? Жоғарыда атап өткенімдей, біздің тәуелсіз мемлекетімізде қарама-қарсы бағыттағы екі ұлттық ағымның қалыптасқандығын анық аңғартады. Ашығын айтайын, мемлекет халықтан ажырап барады. Қазір мемлекет пен халық басқа: «Мемлекет тек реттеп отыруы керек. Қалғанын базардың өзі реттейді» деп өзеурегендер, енді бірер жылдан соң халықтан мүлдем қол үзіп, тағы да сол Ленин айтқандай, «халық бұрынғысынша өмір сүргісі келмейтін, ал биліктегілер бұрынғысынша басқара алмайтын жағдайға» душар болары анық. Былтыр ғана болуы мүмкін болжам, биыл, шындыққа қарай бетін бұрып отыр.

Міне, Әлихан Бөкейханов ұйытқан, Ахмет Байтұрсынов идеялық тұрғыдан байыптаған Алаш идеясының негізгі мәйектері осындай.

Қазір ерінбеген алашшыл болып алды. Мәселе ұранда емес, соны ұлттың діліне сіңіруде. Кейде маған кеңес тұсындағы Балтық жағалауы, Өзбекстан, қазіргі Бельгия сияқты үнсіз азаматтық мойынсынбау қозғалысын үнемі санада ұстаған дұрыс сияқты да көрініп кетеді.

Кеңес тұсында да, кейінгі кезде де, қазір де «Қазақ» газетінің 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске көзқарасы үнемі екіұшты түсіндіріліп келеді. Сондай әрекеттің кесірінен ұлт-азаттық көтерілістің 100 жылдық мерейі өткен жылы аталмай қалды. Осы уақытқа дейін 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің қарсаңында, көтеріліс тұсында, ақпан және қазан төңкерісінен кейінгі азаматтық соғыс жылдарындағы алаш қайраткерлерінің ұстанған бағыты мен саясатын екіұдай түсініп, екіұшты бағалап, бұрынғы кеңестік кезеңде қалыптасқан ығыр пікірдің ыңыршағын шығара қайталау орын алып келеді. Бұл – тек алаш идеясы мен алаш қайраткерлеріне және олардың көзқарасына ғана жасалған қиянат емес, қазақ тарихына жасалған әділетсіз қиянат. Мұндай тоғышарлық пен томырықтыққа негізделген пікірсымақтарға тарихи және мұрағаттық құжаттарды дәлелге келтіре отырып, батыл тойтарыс беретін кез жетті. Ұлттық тәуелсіздікке ұмтылған ұлт заманауи қару-жарақтың тілін білуі тиіс. Өзінің жігіттік намысын қорғауы үшін «орыс, ноғай, қалмақ, бурят» ұлттарымен қатар әскери ілімді үйренуі керек. Ал майданға барудан бас тартқан жағдайда, ол ұлттың жері «мәңгілік қазына есебіне өтпек», «өздері жалдамалы мұжықтың қатарына жатқызылмақ». Міне, осындай қияметті таңдаудың алдында тұрғанда, басқа халықпен тең дәрежеде саяси талап қоюға мүмкіндік беретін таңдау – «қара жұмысқа баруға көну».

Ұлт көсемі Әлихан Бөкейханов өзінің «Алаш азаматтарына!» жолдаған құлағдарында: «Көнбегенде көретін ауырлық: бағынып тұрған үкіметтің жарлығынан бас тартсақ, жау жағадан алғанда, бас қорғап үйде қаламыз деп, мемлекетке қамшымыздың ұшын бермесек, үкімет бізге құр өкпелеп қоймас, күш жұмсар, ол күшті заңға сүйеніп істер… Мысалы, қазақ шын қарсылық қылатын болса, ел-елге отряд шығады. Отряд шықса, елдің берекесі кетеді, бас пен малға әлегі бірдей тиеді, елдің іргесі бұзылады. Айтқанға көне қоймадың, қарсылық қылдың деп «Түркістан уәлаятына» военное положениені жұртқа келге бір опат деп білу керек. Военное положение иғлан етілген жерде түймедей жазыққа түйедей жаза болады. Қарсылық көрсетсек, Түркістанға болған военное положение өзге де елге болмай қалмайды… Аз қазаға, аз бейнетке» төзуі керектігін түсіндірді. «Жұртқа келуге тиісті ол опат» қандай опат еді. «Көпті қазаға ұшырататын, көпті азапқа қалдыратын азап» қандай азап еді? Көтеріле қалған жағдайда патша ағзамның бұратана халыққа дайындап қойған қандай «сыйы» бар еді? Міне, Ә.Бөкейхановтың осы бір ғана уәжін дәлелдейтін дәйектерді көп назарына ұсынумен ғана өз пікірімізді дәйектейміз.

Иә, алаш қайраткерлері «Қазақ» газеті арқылы: пулеметпен, зеңбірекпен қаруланған патшаның жазалау әскеріне қарсы шоқпармен, сойылмен, шиті мылтықпен қарсы шабатын «барымта соғысының дәуірі» өткенін, босқа қасапқа түсетінін, сондықтан да әуелі қарудың тілін меңгеру қажеттігін ашық жазды. Арандап босқа қырылып қалмау үшін және қазақ халқын қалай да заманның қару-жарағының тілін білуі үшін 1916 жылы ақпан айында Ә.Бөкейханов (бір Дума мүшесі екеуі, депутаттың атын ұмыттым) Ресейдің қорғаныс министріне арнайы жолығып, мынадай талаптар қойды:

а) Қазақтан әскер алынсын. Оны қазақ елі қостайды. Бірақ қара жұмысқа, окоп қазуға ғана алынып, зеңбіректің оғына қасап болуға қарсы. Сондықтан да қазақтардың өз еркімен әскерге баруы үшін:

ә) Қазақтарды әскери іске баулитын арнайы қысқа мерзімдік әскери курс ашылсын;

б) Жеке қазақ атты әскер батальоны мен дербес полк құрылсын;

в) Әскер құрамына қазақ өкілі әскери комиссар міндетін атқарсын;

г) Жасақтарды ауылды жерде өзіміз жасақтап, ат пен қаржымен қамтамасыз етеміз.

ғ) Дін өкілі ішінде болсын.

д) Бақауыл да (артқы қосын – шаруашылық бөлімі, ас дайындайтын, кір жуатын т.б. қызметтер) қазақтардың өзінен жасақталсын. Сонда қазақтардың башқұрттар мен қалмақтардан, Кавказ халықтарынан бірде кем түспейтініне көзіңіз жетеді әрі оған ант береміз деп жазды.

Өкінішке қарай, олардың бұл пікірін Патша үкіметі мүлдем теріс қабылдады, қазақтар да байыбына бармады. Патшалық кеңес пен Әскери министрлік: «Түркиямен соғыс жүріп жатқанда түрік тектес халықтардан әскер қатарына адам алуға болмайды. Олар қаруланған соң самодержавиенің өзіне қарсы көтеріліске шығады» деген арнайы ұйғарым шығарды. Мұның екінші бір астары және бар. Оның мәнісі былай: бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде Ресей жеңілістен кейін жеңіліс тауып жатқан. Ұзаққа созылған соғыстан титықтаған патша үкіметі одан құтылып шығудың амалын қарастырады. Ол амал табылады. Сөйтсек, ғалым Қайрат Сақтың айтуынша: соғысқа қатысушы «Антанта» мемлекеттерінің шарты бойынша: соғысқа қатысушы бір елдің ішінен бүлік шықса, ол ел соғыстан шығады екен. Қазақ пен Орта Азия халықтарынан тыл жұмысына адам алынса, олардың сөзсіз көтеріліске шығатынын алдын ала білген. Осыған орай, өздерінің майданда ойсырай жеңіліп жатқанына қарамастан тек қана Жетісу өңірінде жазалау жорығын жүргізу үшін жергілікті жандармерияның әскерінен тыс 35 рота, 3900 қылышты 24 казак жүздігі, 16 зеңбірек, 47 пулемет ұстаған Батыс Сібір мен Орынбордан шығуға тиісті жазалау әскерінің саны мұнан да көп әрі соғыс тәжірибесі бар жинақы жасақ. 1916 жылы құпия жасақталып, тылдағы дайын тұрған жазалау отрядтарын алаш ардагерлері біліп, барынша ашық мәтінмен «Қазақ» газеті арқылы ескерткен. Көтерілістің қанды балағы сіздерге белгілі.

Міне, осы тылдағы жұмысқа алынғандар ел көріп, саясатпен танысып, қарудың тілін біліп, заманның аңысын түсініп, елге қайтқан соң ел ісіне араласты. «Алашорда» үкіметі кезінде Троицкіде, Семейде арнайы қысқаша әскери курс ашылды. Онда: Капитан Тоқтамышев және ақ гвардияның офицерлері сабақ берді. Соның ішінде: Т.Құнанбаев, Ж.Аймауытов, Саниязбек Медеуов, Жетісуда – С.Аманжолов, Ж.Күдерин т.б. болды. Ж.Аймауытов пен Абдолла Байтасовтың Орынбордағы қызыл әскерлер курсына дәріс беруі де – соның ықпалы. Осы курстар арқылы әскери тәжірибеден өткен, майдан көрген алаш әскерлері 1920 жылы Мұхамеджан Тынышбаев пен Ораз Жандосовтың ықпалымен, Сарқандағы алаш жасағы таратылып, шұғыл түрде Әулие-Ата қаласына астыртын жөнелтіліп, онда тұңғыш қазақ атты полкін құрды.

Қазақ ұлтының ұлттық идеясын ұйытқан «Қазақ» газетінің көтерген мәселелері әлі де толық зерттеп, астарын ашуды қажет етеді. Оны тереңдеп зерттеген сайын ұлттық құндылықтарымыздың мағынасы ашыла түсетіні анық. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсыновтың тәлімі сонда ғана тиянағын табады.

КЕҢЕС ТҰСЫНДА ДА, КЕЙІНГІ КЕЗДЕ ДЕ, ҚАЗІР ДЕ «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІНІҢ 1916 ЖЫЛҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІСКЕ КӨЗҚАРАСЫ ҮНЕМІ ЕКІҰШТЫ ТҮСІНДІРІЛІП КЕЛЕДІ. СОНДАЙ ӘРЕКЕТТІҢ КЕСІРІНЕН ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІСТІҢ 100 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙІ ӨТКЕН ЖЫЛЫ АТАЛМАЙ ҚАЛДЫ. ОСЫ УАҚЫТҚА ДЕЙІН 1916 ЖЫЛҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІСІНІҢ ҚАРСАҢЫНДА, КӨТЕРІЛІС ТҰСЫНДА, АҚПАН ЖӘНЕ ҚАЗАН ТӨҢКЕРІСІНЕН КЕЙІНГІ АЗАМАТТЫҚ СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ҰСТАНҒАН БАҒЫТЫ МЕН САЯСАТЫН ЕКІҰДАЙ ТҮСІНІП, ЕКІҰШТЫ БАҒАЛАП, БҰРЫНҒЫ КЕҢЕСТІК КЕЗЕҢДЕ ҚАЛЫПТАСҚАН ЫҒЫР ПІКІРДІҢ ЫҢЫРШАҒЫН ШЫҒАРА ҚАЙТАЛАУ ОРЫН АЛЫП КЕЛЕДІ

ЖАС ҚАЛАМГЕРЛЕР «ДАУЫСЫ»

«Altyn Qyran Foundation» қоғамдық қорының елге қызметінің бір бағыты – қазақ руханияты мен әдебиетін дамытуға ықпал ету, талантты авторларға қолдау көрсету. Бүгінге дейін қордың демеушілігімен 100-ден аса тарихи, әдеби, ғылыми-зерттеу кітаптар жарыққа шықты.

Жақында жас қаламгерлердің «Дауыс» әңгімелер антологиясы баспадан шықты. Бұл – Бақытбек Қадыр, Досхан Жылқыбай, Есбол Нұрахмет секілді жас прозаиктердің өз бастамасымен құрастырылған жинақ.

Жинаққа алғысөз жазған атақты жазушы Мұхтар Мағауин жастарды «қаламмен ұлттық мұратқа қызмет етуге» үндеп, ақ батасын берді.

Кітаптың «Дауыс» деп аталуының мәні терең. Қазіргі авторлар – шығармашылық еркіндіктің тұсауы шешілген кең заманның қаламгерлері. Кеңес үкіметі кезінде аға буын жазушыларымыз өз туындыларын қатал цензура жағдайында жазса, қазір шығармашылыққа шектеу жоқ.

Кітап AQ Кітапхана сериясымен шықты, таралымы – 1000 дана.

ОҚУШЫ СӨМКЕСІ АУЫР МА?

Оқушы қызым сөмкесіне оншақты кітапты салып, таңғы алтыда дірдектеп мектепке бара жататын. Әр кітаптың салмағы – 1,5-2 кг шамасында. Сонда оншақты кг-ды өзі 45 кг болмайтын қызым күнде таңғы алтыдан кешкі жетіге дейін көтеріп жүретін. Биге қатысатыны жақсы болды, арасында жаттығу жасап, денесін икемге келтіреді, болмаса мына салмақтан адамның мүгедек болып қалуы ғажап емес.

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

Менің сөздерімді он баласы бар, оның ішінде 8-і мектеп жасындағы Мира Жиеналина растайды.

«Оқушы балаларым күніне оншақты кітапты арқалап мектепке бара жатады, кейбір кітаптарды тастап кет десем, апай ескерту жасайды деп азарда-безер болады. Денсаулығына нұқсан келе ме деп қорқамын» дейді оқушының анасы.

Осы мәселеге қатысты Қошке Кемеңгерұлы атындағы №49 орта мектебінің директоры Арай Мухаметжанова былай дейді: «Бүгінгі таңда оқушы жүктемесінің азаюына байланысты оқушы күнделікті 3-4 оқулық қана әкеледі.Ол оқулықтар сабақ барысында ресурс ретінде қолданылады. Оқулықты қолдану – құрдастар тобында білім алуда қажет құрал екені белгілі.

Санитарлық талаптарға сәйкес, оқушының сөмкесі (рюкзак) бос сөмкенің салмағы бір келіден аспауы қажет. Арқаға тиіп тұрған жері қатты болуы шарт. Иықбаулары жалпақ, мойынға салмақ түсірмеуі тиіс. Сосын сөмкеге жарықтан шағылысатын арнайы белгілерді орнатқан жөн. Сонда түнгі уақытта көлік жүргізушілері балаларды алыстан көре алады. Сондай-ақ санитар дәрігерлер қолда ұстайтын портфельді алмауға кеңес береді. Себебі бала бір жаққа қарай қисайып жүруі мүмкін.

«Мектеп сөмкесінің салмағы оқушының бойы мен жас ерекшелігіне сай болуы шарт. Мәселен, 1-3 сынып оқушыларының сөмкесі 2 келіден аспауы тиіс. 4-5 сыныпта – 2,5 келі, 6-7 сыныпта – 3,5 келі, ал жоғары сынып оқушылырының сөмкесі 4,5 келіден артық болмауы қажет. Ауыр рюкзактың салдарынан сколиоз, остеохондроз сияқты аурулардың туындайтынын ұмытпауымыз қажет» дейді олар.

Санитар дәрігерлер мектеп формасын таңдау бойынша да кеңес береді. Оның сөзіне қарағанда, ата-аналар мектеп формасы мен аяқ киімді дұрыс таңдаса, балалар сабақ кезінде ештеңеге алаңдамайды. Сондықтан ыңғайлы әрі сапалы киімді алған дұрыс. Сонда аллергиялық реакциялар да болмайды.

Ең бастысы, форма табиғи талшықтардан тұратын матадан тігілуі шарт. Олар – жүн, мақта, зығыр және жібек. Сапасыз формамен балалар емін-еркін жүре алмайды, себебі ондай матадан ауа өтпейді.

Сөмке қымбат болса да, сапалысын таңдау қажет. Жас және жыныс ерекшелігіне сай таңдау керек. Өз формасын өзгертпеген сөмке болу керек. Түс және сурет бұл өте маңызды. Бала өз қалауымен таңдаған жөн. Ресейлік мамандар осы мәселеге бас ауырта келе, портфельдің салмағы оқушының салмағының 1/10 болуы тиіс дегенді айтады. Балаңыз 27 келі тартса, сәйкесінше, мектеп «дорбасы» да 2,7 келіден артық болмау керек. Ал төменгі сынып оқушыларының сөмкелері 1200 грамның шамасы болса құп. Өз кезегінде ресейлік санитар-мамандар бастауыш сыныпқа арналған оқулықтардың салмағы 300 грамнан, 5-6 сыныптар үшін – 400 гр, 7-9 сынып оқушыларына 500 грамнан аспауы керектігін есептеп шығарған. Сонымен қатар сөмкені арқаға ілгенде, сөмке екі иыққа бірдей ілінуі керек.

> «Мектеп сөмкесінің салмағы оқушының бойы мен жас ерекшелігіне сай болуы шарт. Мәселен, **1-3 сынып** оқушыларының сөмкесі **2** келіден аспауы тиіс. **4-5 сыныпта** – **2,5** келі, **6-7 сыныпта** – **3,5** келі, ал жоғары сынып оқушылырының сөмкесі **4,5** келіден артық болмауы қажет.

БАЛА ДЕНСАУЛЫҒЫНА ӘСЕРІ ҚАНДАЙ?

Жалпы, мектеп оқушыларының іші толы «қоржындарының» ауырлығы мен шамадан тыс заттарды тасуы денсаулыққа кері әсерін тигізбей қоймайды екен. Баланың қан қысымының қалыптан шығуына септігін тигізеді. Тіпті әлі қатая қоймаған оқушының кеуде сүйектерінің қисаюына әкеп соғады. Ол аз болса, мұның салдары мидың қалыпты жұмысына кері әсерін тигізеді.

Қандай да болмасын ауыр салмақ оқушының омыртқа жотасымен арқа бұлшық еттеріне нашар әсер етеді. Және жас ұлғайған сайын оның зардабы үлкейе түседі.

Зерттеушілердің еңбектеріне сүйенсек дұрыс таңдалмаған мектеп сөмкесі 50% скалиоздың пайда болуына әкеледі. Скалиоз – омыртқа жотасының бір бүйірге қарай қисаюы. Сонымен бірге бір иыққа сөмкені асуға болмайды. Өйткені ауыр салмақ бір иыққа түсіп дене сүйегі бір жаққа қисайып бүйректің төмен түсуіне әкеліп соғады.

ӨНІМНІҢ ҚАУІПСІЗДІГІ ҚАНДАЙ?

Біздің елімізде мектеп сөмкесінің қандай болу керектігін қадағалайтын мемлекеттік стандарттар жоқ. Тек бізде өнімнің қауіпсіздігі туралы талаптар бар.

Балалар мен жасөспірімдерге арналған өнімнің қауіпсіздігі туралы «Кеден одағының техникалық регламентін қабылдау туралы» талаптарда былай делінген:

• Бір жастан асқан балалар мен жасөспірімдер үшін тоқыма материалдарынан жасалған киім мен тігін бұйымдары биологиялық және химиялық қауіпсіздік талаптарына сәйкес келуі тиіс;

• Былғары галантерея бұйымдары биологиялық және механикалық қауіпсіздік талаптарына сәйкес келуі тиіс;

• Оқушы портфельдері мен сөмкелерінің алдыңғы, бүйір беттері мен жоғарғы клапанында жарық шағылыстыратын элементтері бар детальдары және (немесе) фурнитурасы болуға және олар қарама-қарсы түсті материалдардан жасалуға тиіс. Бастауыш мектеп жасындағы балаларға арналған оқушы сөмкелері формаға төзімді арқамен жабдықталуы тиіс;

• Сөмкелерге, оқушы рюкзактарына, портфельдерге арналған материалдардағы зиянды заттардың құрамы химиялық қауіпсіздік талаптарына сәйкес нормативтерден аспауы тиіс.

Аяқ киім мен былғары галантерея бұйымдарына арналған материалдардағы зиянды заттардың құрамы, сөмкелерден, оқушы рюкзактарынан, портфельдерден басқа техникалық регламенттің химиялық қауіпсіздік талаптарына сәйкес былғары үшін-аяқ киім, киім, бас киім және былғары галантерея бұйымдары үшін көзделген нормативтер; тоқыма материалдары үшін – осы техникалық регламентке химиялық қауіпсіздік талаптарына сәйкес нормативтер.

Біз мақаламызда оқушы мен ата-ананың, оған қатысты мемлекеттік заңдарды, талаптар тізбесін бәрін келтірдік. Бұл жекелеген ата-ананың немесе баланың жанайқайы ғана емес, ұлт денсаулығына, ел болашағына алаң еткен ұсыныс. Осыған қатысты алдағы уақытта жауапты қызметкерлердің, құзырлы органдардың, мұғалімдердің пікірін тыңдағымыз келеді.

Алаш ардагері, тіл білімінің атасы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойы және Тіл мерекесі аясында Қазақстан Республикасы Ұлттық академиялық кітапхана қызметкерлері, ғалымдар, қоғам қайраткерлері, журналистер, «Есіл толқындары» халықтық ардагерлер ансамблі және Ж.Жабаев атындағы №4 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті бірлестігі мен оқушылары бірлесе ұйымдастырған Ахмет Байтұрсыновтың 150 жылдық мерейтойына арналған «Ал кітапты қолдарыңа» атты әдеби-танымдық кеш өтті.

АЛАШ АРЫСЫН ҚҰРМЕТТЕДІ

Әдеби кеште филология ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры Серік Негимов, қоғам және мемлекет қайраткері Оразкүл Асанғазы, ардагер ұстаз, қоғам және мәдениет қайраткері Оспан Сүлейменұлы, филология ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті түркітану кафедрасының профессоры Мағрифа Қайранбайқызы Ахмет Байтұрсыновтың ерен еңбегін, рухты тұлғасын баяндады. Мектеп оқушылары И.Кенжебек, Н.Дулатқызы «Ұлт ұстазы – Ахмет Байтұрсынов» тақырыбында таныстырылым қорғап, мектептің жас ақындары Нұрлыбай Жакетаев пен Қуаныш Олжас жүрекжарды өлеңдерін мәнерлеп жеткізсе, З.Ағабекова Ахмет бабамыздың «Анама хат» өлеңін оқыды. Қазақтың тілі бай, көркем, сұлу, сырлы ғой, «Есіл толқындары» ардагерлер ансамблі әншілері Ахмет бабамыздың «Аққұмын» әуелете шырқап, бабамыздың жүрек толқынысын жеткізгендей болды. «Біржан сал» операсынан да үзінді тамашаланды.

Қазақ тіл білімінің атасы, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынов мұралары өміршеңдігімен маңызды.

ТАРИХ САБАҒЫ – ҰЛТТЫҚ МУЗЕЙДЕ

Ұлттық музейде «Музейдегі мектеп күні» атты мәдени-білім беру жобасының тұсаукесері өтті. Іс-шараға Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев, Нұр-Сұлтан қаласы Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазыев, мектеп директорлары, мұғалімдер мен оқушылар қатысты.

Аталмыш жоба музей заттары мен коллекцияларын пайдалана отырып, 5-9 сынып оқушыларының қоғамдық-гуманитарлық пәндер (Қазақстан тарихы, Дүниежүзі тарихы, өлкетану және т.б.) бойынша теориялық білімін практика жүзінде бекітуге бағытталған.

Сабақтар әр бейсенбі сайын Ұлттық музейдің экспозициялық залдарында жүреді. Интерактивті сабақтарды музейдің зерттеуші-ғалымдары, экскурсия жетекшілері, Нұр-Сұлтан қаласы орта мектептерінің тарих пәні мұғалімдерімен бірігіп өткізеді. Сабақтардың тақырыбы мен мазмұны Оқу-ағарту министрлігі бекіткен оқу бағдарламасына сәйкес келеді. Әр сабақтың ұзақтығы – 35-45 минут. Сабақ кезінде оқушылар музей экспозицияларындағы жәдігерлерді ортаға алып қарайды, көшірмелерін ұстап көріп, жақын таныса алады.

«Музейдегі мектеп күні» жобасы онлайн форматта да жүзеге асырылмақ. Ол үшін Ұлттық музей мамандары арнайы сценарийлер дайындап, 5-7 минуттық бейнесабақтар түсіреді. Дайын сабақтар мектептердегі оқу бағдарламасының күнтізбесіне сәйкес Ұлттық музейдің ресми сайтына салынады. Бұл бейнесабақтар жобаның ауқымын кеңейтіп, бүкіл Қазақстан оқушыларын қамтуға мүмкіндік береді.

Аталмыш жоба аясында Ұлттық музейде алғашқы сабақтар өтті. Археология залына жайғасқан 5-сынып оқушыларының сабағы тас дәуіріне арналса, 7-сынып оқушыларына қазақ-жоңғар шапқыншылығынан сыр шертетін музей жәдігерлері көрсетілді. Оқушылар сабақта белсенділік танытып, музей мамандары ұсынған археологиялық құндылықтармен танысты.

СПОРТ АЛАҢЫ АШЫЛДЫ

Нұр-Сұлтан қаласындағы Ж.Жабаев атындағы №4-мектеп-гимназиясында көптен күткен спорт алаңы ашылды.

Байқоңыр әкімшілігінің қолдауымен жүзеге асқан бұл игі іс аталмыш мектеп пен сол ауданда тұратын тұрғындар қолданысына салтанатты түрде табыс етілді. Спорт алаңының ашылу салтанатына Байқоңыр ауданының әкімі Ерлан Жаулыбаев, «Құрмет белгісі» ордені, «Ыбырай Алтынсарин» төс белгісі иегері Оспан Сүлейменұлы мен ардагер ұстаз Дәмеш Өмірбекқызы қатысты. Мейманды қонақтар шара қатысушыларына жылы лебіздерін білдіріп, жас ұрпақты спортпен айналысуға шақырды.

«Әрбір бала бір жұлдыз, жарқырауына жәрдем бер» деген Елбасы ұстанымы негізінде Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылды Балалар жылы деп жариялады. «Өскелең ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық шағы – бұл біздің жалпы ұлттық міндетіміз» деп атап өтті. Соның дәлелі ретінде ашылып отырған бұл алаң болашақта талай спортшыларды шыңдап, әлем аренасына паш ететіні сөзсіз. Аталмыш мектеп бокстан Санжар Ташкенбай мен зіл темір көтеруден Едіге Емберді сынды әлем чемпиондарын 2 жыл қатарымен тәрбиелеп шығарып отыр. Сонымен қатар, мектептің волейболдан ұлдар командасы да үнемі қалалық, республикалық байқауларда бақтарын сынға салып, жүлделі орындарға қол жеткізіп жүр.

Жұлдыз ҚАЛИЕВА,
Ж.Жабаев атындағы №4 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

№106 (4384) 08/09/2022 Бейсенбі

ДҮЙСЕНБІ
12 ҚЫРКҮЙЕК

QAZAQSTAN

6:00 Әнұран
6:05 «Жәдігер»
6:25 «Күй-керуен»
7:00 «TAŃSHOLPAN».
10:00 AQPARAT
10:10 «Гүлдер құпиясы». Телехикая.
11:00 «Жүректегі күз». Телехикая.
12:00 ТҰСАУКЕСЕР! «ӨМІР КӨРКЕМ».
13:10 «Аяла». Телехикая.
14:10 «Арта». Сараптамалық бағдарлама.
15:35 «Мерейлі отбасы». Күнделік
15:45 «БАҚЫТСЫЗДАР БАҒЫ». Телехикая.
17:15 «Қызық екен...»
18:00 «ГҮЛДЕР ҚҰПИЯСЫ». Телехикая.
19:00 «ЖҮРЕКТЕГІ КҮЗ». Телехикая.
20:00 AQPARAT
20:35 «ASHYQ ALAŃ».
21:30 «БАҚЫТТЫҢ КІЛТІ». Телехикая.
22:30 «ӨМІР ЫЗҒАРЫ». Телехикая.
23:20 «1001 ТҮН».
0:35 «Мерейлі отбасы». Күнделік
3:10 «Абайлаңыз, алаяқ!». Арнайы жоба
3:35 «Күй-керуен»

05:00 "КІМ МЫҚТЫ 2"
06:00 "БЕГОМ ЗА ДЕНЬГАМИ"
07:00 "ОЯН!"
10:00 ТҰСАУКЕСЕР! "УӘДЕ"
10:35 МУЛЬТСЕРИАЛ. "МИШКИ - БРАТИШКИ. СНОВА ВМЕСТЕ"
11:00 ТҰСАУКЕСЕР! "КЕЛІНЖАН 4"
12:00 "КӨЗІМДІ ЖҰМСАМ ДА..."
14:00 "АЙНALINE"
15:00 ТЕЛЕСЕРИАЛ. "КАПИТАНША"
17:00 "БЕГОМ ЗА ДЕНЬГАМИ"
18:00 НОВОСТИ. ИТОГИ ДНЯ
19:00 ҚОРЫТЫНДЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. БІЗДІҢ МАҚСАТ
20:00 ТҰСАУКЕСЕР! "КЕЛІНЖАН 4"
21:00 "КӨЗІМДІ ЖҰМСАМ ДА..."
23:00 ТЕЛЕСЕРИАЛ. "КАПИТАНША"

ASTANA TV

06:00 «Фазилет ханым» телехикаясы
07:00 «Маша и медведь» М/ф
08:45 «Кеш келген махаббат»
11:00 «ЕНЕ» үнді телехикаясы
12:00 «Іңкәр сезім» корей телехикаясы
13:40 «Замуж в 30» Х/ф
16:00 «Мәриям» телехикаясы
17:00 «JUMBAQTIMES»
17:40 «Кішкентай келін» телехикая
19:15 «Күлпәштің хикаялары» телехикая
20:00 «Astana times»
21:00 «ДАСТАН» түрік телехикаясы
21:55 «Жетім жүрек 2» телехикая
23:50 «Іңкәр сезім» телехикая
01:40 «Астана кеші көңілді»
02:45 «JUMBAQTIMES» бағдарламасы

6:00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
7:00 «П@УТІNA» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10:00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»
10:50 «НА САМОМ ДЕЛЕ»
12:00 «И ВСЕ-ТАКИ Я ЛЮБЛЮ...»
13:00 «ВЕТРЕНАЯ ЖЕНЩИНА»
14:10 «НОВОСТИ»
14:20 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMIZ» бағдарламасы
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:35 «НЕВСКИЙ. ОХОТА НА АРХИТЕКТОРА»
1:05 Ночной кинотеатр. «ЗОЛОТАЯ ОРДА»
2:00 «ХИРОМАНТ».
2:55 «НОВОСТИ»
3:05 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
3:15 «KÖREMIZ» бағдарламасы
4:00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
4:25 «П@УТІNA» бағдарламасы

КТК

07.05 "КТК" ҚОРЖЫНЫНАН"
07.30 "ЖИМАУДЫҢ ЖЕТІСТІГІ"
09.00 "ИСПЫТАНИЕ-2", мелодрама
11.00 "КҮШІК ҚҰДА-КВАРТИРАНТЫ"
13.00 "НА ТВОЕЙ СТОРОНЕ-2", мелодрама
16.00 "ӨКІНІШ", өзбек телехикаясы.
17.30 "ҚҰПИЯ ҚОБДИША"
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ", ток-шоу.
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.40 "КЛЯТВА ВРАЧА", мелодрама.
23.50 "МЕТОД МИХАЙЛОВА"
01.50 "В ПЛЕНУ У ПРОШЛОГО"
02.30 "ӨКІНІШ"
03.45 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ", ток-шоу (қайталау)
04.30-05.00 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)

31

06:00 Әзіл студио
06:30 Ризамын
07:00 «Таңсәрі». Прямой эфир
09:00 Индийский сериал «Ханшайым»
10:00 Мультсериал «Три кота»
10:30 Мультсериал «Маша и медведь»
11:00 Т/сериал «СеняФедя» (повтор)
11:30 Т/сериал «СеняФедя»
12:30 КИНО. «Осторожно, корова!»
15:20 КИНО. Фрэнки Муниз в комедийном боевике «Агент Коди Бэнкс»
17:30 «Я, робот» (повтор)
20:00 Информбюро (рус/каз)
21:00 «Зейнеп» түрік телехикаясы
21:55 КИНО. Руперт Френд в боевике «Хитмэн: Агент 47»
00:00 «Ханшайым» (повтор)
01:00 «31 әзіл»
02:00 What's up
02:30 Сериал «Базарбаевтар»
03:10 Әзіл студио
03:40 1001 Әзіл
04:00 BALA BATLLE
04:30 What's up?
05:00 Ризамын

7

06:00 Т/п «Қуырдақ»
07:00 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
08:00 Т/х «Пәленшеевтер»
09:00 Х/с «Женский доктор»
10:00 Х/с «Гром среди ясного неба»
12:30 Т/х «Пәленшеевтер»
13:40 Т/х «Ата-ана. Бала-шаға»
14:10 Т/с «Маэстро»
15:30 Т/с «Гадалка»
16:10 Х/с «Обычная женщина»
17:20 Х/с «Женский доктор»
18:30 Aibat
19:00 Вечерняя программа «Студия 7»
19:30 Х/с «Гром среди ясного неба»
22:00 Т/с «Маэстро»
23:20 Т/х «Отыңды өшірме»
00:20 Х/с «Обычная женщина»
02:00 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
03:00 Jaidarman
04:00 Т/х «Япырай»
05:00 Т/п «Қуырдақ»

НТК

07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
08.00 Телехикая «Қыз киялы» (каз.)
09.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)
09.40 «МАША И МЕДВЕДЬ» (мультсериал)
10.00 «БОСС-МОЛОКОСОС» (мультсериал)
10.25 «МИР НАИЗНАНКУ»
11.50 «ОДНАЖДЫ В РОССИИ»
12.30 «ТРОЙНАЯ УГРОЗА» (боевик, Тони Джа, Ико Уайс, Скотт Эдкинс)
15.00 «БІР БОЛАЙЫҚ» (каз.)
19.00 «OZMZ ғой» (каз.)
19.30 Телехикая «Ауылдастар» (каз.)
20.10 «INSTA LIKE» (каз.)
20.30 «ДЖУНГЛИ» (драматический триллер, Дэниэл Рэдклифф)
22.30 «БОГ ГРОМА» (фантастический боевик, Нат Вульф, Приянка Бозе)
00.30 «OZMZ ғой» (каз.)
00.50 Телехикая «Қыз киялы» (каз.)
01.50 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
03.00 «Сан Сауал» (каз.)
04.00 – 05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)

СЕЙСЕНБІ
13 ҚЫРКҮЙЕК

QAZAQSTAN

6:00 Әнұран
6:05 «Жәдігер»
6:25 AQPARAT
7:00 «TAŃSHOLPAN».
10:00 AQPARAT
10:10 «Гүлдер құпиясы». Телехикая.
11:00 «Жүректегі күз». Телехикая.
12:00 «ӨМІР КӨРКЕМ». Тікелей эфир
13:00 AQPARAT
13:10 «Бақыттың кілті». Телехикая.
14:10 «Қызық екен...»
15:00 AQPARAT
15:15 «Әйел әлемі»
15:45 «БАҚЫТСЫЗДАР БАҒЫ». Телехикая.
17:15 «Қызық екен...»
18:00 «ГҮЛДЕР ҚҰПИЯСЫ». Телехикая.
19:00 «ЖҮРЕКТЕГІ КҮЗ». Телехикая.
20:00 AQPARAT
20:35 «ASHYQ ALAŃ».
21:30 «БАҚЫТТЫҢ КІЛТІ». Телехикая.
22:30 «ӨМІР ЫЗҒАРЫ». Телехикая.
23:20 «1001 ТҮН».
0:40 «Мерейлі отбасы». Күнделік
0:50 ФУТБОЛ.
3:00 «Сана». Ток-шоу

05:00 "КІМ МЫҚТЫ 2"
06:00 "БЕГОМ ЗА ДЕНЬГАМИ"
07:00 "ОЯН!"
10:00 "В ФОКУСЕ"
10:30 "МИШКИ - БРАТИШКИ. СНОВА ВМЕСТЕ"
11:00 ТҰСАУКЕСЕР! "КЕЛІНЖАН 4"
12:00 "КӨЗІМДІ ЖҰМСАМ ДА..."
14:00 "АЙНALINE"
15:00 ТЕЛЕСЕРИАЛ. "КАПИТАНША"
17:00 "БЕГОМ ЗА ДЕНЬГАМИ"
18:00 НОВОСТИ. ИТОГИ ДНЯ
19:00 ҚОРЫТЫНДЫ ЖАҢАЛЫҚТАР.
20:00 ТҰСАУКЕСЕР! "КЕЛІНЖАН 4"
21:00 "КӨЗІМДІ ЖҰМСАМ ДА..."
23:00 ТЕЛЕСЕРИАЛ. "КАПИТАНША"

ASTANA TV

06:00 «Фазилет ханым» телехикаясы
07:00 «Маша и медведь» М/ф
09:00 «Жетім жүрек 2» үнді телехикаясы
11:00 «ЕНЕ» үнді телехикаясы
12:00 «Іңкәр сезім» корей телехикаясы
13:40 Ток шоу "Айтарым бар"
14:50 «Условия контракта» телесериал
16:00 «Мәриям» телехикаясы
17:00 «JUMBAQTIMES» бағдарламасы
17:40 «Кішкентай келін» телехикая
19:15 «Күлпәштің хикаялары» телехикая
20:00 «Astana times»
21:00 «ДАСТАН» түрік телехикаясы
21:55 «Жетім жүрек 2» үнді телехикая
23:50 «Іңкәр сезім» корей телехикаясы
01:40 «Условия контракта» телесериал
02:45 «JUMBAQTIMES» бағдарламасы

6:00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
7:00 «П@УТІNA» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10:00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»
10:50 «НА САМОМ ДЕЛЕ»
12:00 «И ВСЕ-ТАКИ Я ЛЮБЛЮ...»
13:00 «ВЕТРЕНАЯ ЖЕНЩИНА»
14:10 «НОВОСТИ»
14:20 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMIZ» бағдарламасы
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:35 «НЕВСКИЙ. ОХОТА НА АРХИТЕКТОРА»
1:05 Ночной кинотеатр. «ЗОЛОТАЯ ОРДА»
2:00 «ХИРОМАНТ». Многосерийный фильм
3:05 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
3:15 «KÖREMIZ» бағдарламасы
4:00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
4:25 «П@УТІNA» бағдарламасы

КТК

07.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
07.30 "ЖИМАУДЫҢ ЖЕТІСТІГІ"
09.00 "ИСПЫТАНИЕ-2", мелодрама
10.00 "КЛЯТВА ВРАЧА"
12.00 "МЕТОД МИХАЙЛОВА"
14.00 "НА ТВОЕЙ СТОРОНЕ-2"
16.00 "ӨКІНІШ", өзбек телехикаясы.
17.30 "ҚҰПИЯ ҚОБДИША"
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ", ток-шоу.
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.40 "КЛЯТВА ВРАЧА", мелодрама.
23.50 "МЕТОД МИХАЙЛОВА"
01.50 "В ПЛЕНУ У ПРОШЛОГО"
02.30 "ӨКІНІШ"
03.45 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ", ток-шоу (қайталау)
04.30-05.00 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)

31

06:00 Информбюро (повтор)
07:00 Утренняя программа «Таңсәрі». Прямой эфир
09:00 Индийский сериал «Ханшайым»
10:00 Мультсериал «Маша и медведь»
10:40 Т/сериал «СеняФедя» (повтор)
11:40 Т/сериал «СеняФедя»
12:40 КИНО. Фрэнки Муниз в комедийном боевике «Агент Коди Бэнкс 2» (повтор)
14:50 КИНО. Пол Уокер, Джессика Альба в боевике «Добро пожаловать в рай» (повтор)
17:20 КИНО. «Вратарь Галактики»
20:00 Информбюро (рус/каз)
21:00 «Зейнеп» түрік телехикаясы
21:55 КИНО. Аарон Пол в боевике «Жажда скорости»
00:50 Индийский сериал «Ханшайым» (повтор)
01:30 «31 әзіл»
02:00 What's up
02:30 Сериал «Базарбаевтар»
03:10 Әзіл студио
03:40 1001 Әзіл
04:00 BALA BATLLE
04:30 What's up?
05:00 Ризамын

7

06:00 Т/п «Қуырдақ»
07:00 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
08:00 Т/х «Пәленшеевтер»
09:00 Х/с «Женский доктор»
10:00 Х/с «Гром среди ясного неба»
12:30 Т/х «Пәленшеевтер»
13:40 Т/х «Ата-ана. Бала-шаға»
14:10 Т/с «Маэстро»
15:30 Т/с «Гадалка»
16:10 Х/с «Обычная женщина»
17:20 Х/с «Женский доктор»
18:30 Aibat
19:00 Вечерняя программа «Студия 7»
19:30 Х/с «Гром среди ясного неба»
22:00 Т/с «Маэстро»
23:20 Т/х «Отыңды өшірме»
00:20 Х/с «Обычная женщина»
01:20 Т/с «Гадалка»
02:00 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
04:00 Т/х «Япырай»
05:00 Т/п «Қуырдақ»

НТК

07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
08.00 Телехикая «Қыз киялы» (каз.)
09.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)
09.40 «МАША И МЕДВЕДЬ» (мультсериал)
10.00 «БОСС-МОЛОКОСОС» (мультсериал)
10.25 «МИР НАИЗНАНКУ» (Бразилия, трэвел-шоу)
11.50 «ОДНАЖДЫ В РОССИИ»
12.20 «ТЁМНОЕ НАСЛЕДИЕ»
15.00 «БІР БОЛАЙЫҚ» (каз.)
19.00 «OZMZ ғой» (каз.)
19.30 Телехикая «Ауылдастар» (каз.)
20.10 «INSTA LIKE» (каз.)
20.30 «ЗАРАЖЕНИЕ» (драматический триллер, Мэтт Дэймон, Джуд Лоу, Кейт Уинслет)
22.30 «ЭВАКУАЦИЯ» (боевик, Винни Джонс, Дэнни Гловер)
00.30 «OZMZ ғой» (каз.)
00.50 Телехикая «Қыз киялы» (каз.)
01.50 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
03.00 «Сан сауал» (каз.)
04.00 – 05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)

БЕЙСЕНБІ
15 ҚЫРКҮЙЕК

QAZAQSTAN

6:00 Әнұран
6:05 «Жәдігер»
6:25 AQPARAT
7:00 «TAŃSHOLPAN».
10:00 AQPARAT
10:10 «Гүлдер құпиясы». Телехикая.
11:00 «Жүректегі күз». Телехикая.
12:00 «ӨМІР КӨРКЕМ». Тікелей эфир
13:10 «Бақыттың кілті». Телехикая.
14:10 «БІРЕГЕЙ»
15:15 «Құрдым». Арнайы жоба
15:45 «БАҚЫТСЫЗДАР БАҒЫ»
17:00 AQPARAT
17:15 «Қызық екен...»
18:00 «ГҮЛДЕР ҚҰПИЯСЫ». Телехикая.
19:00 «ЖҮРЕКТЕГІ КҮЗ». Телехикая.
20:00 AQPARAT
20:35 «ASHYQ ALAŃ».
21:30 «БАҚЫТТЫҢ КІЛТІ». Телехикая.
22:30 «ӨМІР ЫЗҒАРЫ». Телехикая.
23:20 «1001 ТҮН».
0:40 «Мерейлі отбасы». Күнделік
3:00 «Сана». Ток-шоу.
4:00 AQPARAT

05:00 "Кім мықты 2"
06:00 "Бегом за деньгами"
07:00 Тұсаукесер! Тікелей эфирде "Оян!"
10:00 "Бізге хабарласқан"
10:30 "Мишки - братишки. Снова вместе"
11:00 Тұсаукесер! "Келінжан 4"
12:00 Тұсаукесер! "Көзімді жұмсам да..."
14:00 "АйнаLine"
15:00 Телесериал. "Капитанша"
17:00 "Бегом за деньгами"
18:00 Новости. Итоги дня
19:00 Қорытынды жаңалықтар.
20:00 Тұсаукесер! "Келінжан 4"
21:00 Тұсаукесер! "Көзімді жұмсам да..."
23:00 Телесериал. "Капитанша"

ASTANA TV

06:00 «Фазилет ханым» телехикаясы
07:00 «Маша и медведь» М/ф
09:00 «Жетім жүрек 2» үнді телехикаясы
11:00 «ЕНЕ» үнді телехикаясы
12:00 «Іңкәр сезім» корей телехикаясы
13:40 Ток шоу "Айтарым бар"
14:50 «Условия контракта» телесериал
16:00 «Мәриям» телехикаясы
17:00 «JUMBAQTIMES» бағдарламасы
17:40 «Кішкентай келін» телехикая
19:15 «Күлпәштің хикаялары»
20:00 «Astana times»
21:00 «ДАСТАН» түрік телехикаясы
21:55 «Жетім жүрек 2»
23:50 «Іңкәр сезім» телехикая
01:40 «Условия контракта» телесериал
02:45 «JUMBAQTIMES» бағдарламасы

17:00 «JUMBAQTIMES» бағдарламасы
17:40 «Кішкентай келін» телехикая
19:15 «Күлпәштің хикаялары»
20:00 «Astana times»
21:00 «ДАСТАН» түрік телехикаясы
21:55 «Жетім жүрек 2»
23:50 «Іңкәр сезім» корей телехикаясы
01:40 «Условия контракта» телесериал
02:45 «JUMBAQTIMES» бағдарламасы

6:00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
7:00 «П@УТІNA» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10:00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»
10:50 «НА САМОМ ДЕЛЕ»
12:00 Многосерийный фильм «И ВСЕ-ТАКИ Я ЛЮБЛЮ...»
13:00 Многосерийный фильм «ВЕТРЕНАЯ ЖЕНЩИНА»
14:10 «НОВОСТИ»
14:20 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMIZ» бағдарламасы
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:35 Премьера. Многосерийный фильм «НЕВСКИЙ. ОХОТА НА АРХИТЕКТОРА»
1:05 Ночной кинотеатр. «ЗОЛОТАЯ ОРДА»
2:00 «ХИРОМАНТ». Многосерийный фильм
2:55 «НОВОСТИ»
3:05 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
3:15 «KÖREMIZ» бағдарламасы
4:00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
4:25 «П@УТІNA» бағдарламасы

КТК

07.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
07.30 "ЖИМАУДЫҢ ЖЕТІСТІГІ"
09.00 "ИСПЫТАНИЕ-2", мелодрама
10.00 "КЛЯТВА ВРАЧА"
12.00 "МЕТОД МИХАЙЛОВА"
14.00 "НА ТВОЕЙ СТОРОНЕ-2"
16.00 "ӨКІНІШ", өзбек телехикаясы.
17.30 "ҚҰПИЯ ҚОБДИША"
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ", ток-шоу.
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.40 "КЛЯТВА ВРАЧА", мелодрама.
23.50 "МЕТОД МИХАЙЛОВА"
01.50 "В ПЛЕНУ У ПРОШЛОГО"
02.30 "ӨКІНІШ"
03.45 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ", ток-шоу (қайталау)
04.30-05.00 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)

31

06:00 Информбюро (повтор)
07:00 Утренняя программа «Таңсәрі». Прямой эфир
09:00 Индийский сериал «Ханшайым»
10:00 Мультсериал «Маша и медведь»
10:40 Т/сериал «СеняФедя» (повтор)
11:40 Т/сериал «СеняФедя»
12:40 КИНО. Фрэнки Муниз в комедийном боевике «Агент Коди Бэнкс 2» (повтор)
14:50 КИНО. Пол Уокер, Джессика Альба в боевике «Добро пожаловать в рай» (повтор)
17:20 КИНО. «Вратарь Галактики»
20:00 Информбюро (рус/каз)
21:00 «Зейнеп» түрік телехикаясы
21:55 КИНО. Аарон Пол в боевике «Жажда скорости»
00:50 Индийский сериал «Ханшайым» (повтор)
01:30 «31 әзіл»
02:00 What's up
02:30 Сериал «Базарбаевтар»
03:10 Әзіл студио
03:40 1001 Әзіл
04:00 BALA BATLLE
04:30 What's up?
05:00 Ризамын

7

06:00 Т/п «Қуырдақ»
07:00 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
08:00 Т/х «Пәленшеевтер»
09:00 Х/с «Женский доктор»
10:00 Х/с «Гром среди ясного неба»
12:30 Т/х «Пәленшеевтер»
13:40 Т/х «Ата-ана. Бала-шаға»
14:10 Т/с «Маэстро»
15:30 Т/с «Гадалка»
16:10 Х/с «Обычная женщина»
17:20 Х/с «Женский доктор»
18:30 Aibat
19:00 Вечерняя программа «Студия 7»
19:30 Х/с «Гром среди ясного неба»
22:00 Т/с «Маэстро»
23:20 Т/х «Отыңды өшірме»
00:20 Х/с «Обычная женщина»
01:20 Т/с «Гадалка»
02:00 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
03:00 Jaidarman
04:00 Т/х «Япырай»
05:00 Т/п «Қуырдақ»

НТК

07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
08.00 Телехикая «Қыз киялы» (каз.)
09.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)
09.40 «МАША И МЕДВЕДЬ» (мультсериал)
10.00 «БОСС-МОЛОКОСОС» (мультсериал)
10.25 «МИР НАИЗНАНКУ» (Бразилия, трэвел-шоу)
11.50 «ОДНАЖДЫ В РОССИИ»
12.20 «ТЁМНОЕ НАСЛЕДИЕ»
15.00 «БІР БОЛАЙЫҚ» (каз.)
19.00 «OZMZ ғой» (каз.)
19.30 Телехикая «Ауылдастар» (каз.)
20.10 «INSTA LIKE» (каз.)
20.30 «ЗАРАЖЕНИЕ» (драматический триллер, Мэтт Дэймон, Джуд Лоу, Кейт Уинслет)
22.30 «ЭВАКУАЦИЯ» (боевик, Винни Джонс, Дэнни Гловер)
00.30 «OZMZ ғой» (каз.)
00.50 Телехикая «Қыз киялы» (каз.)
01.50 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
03.00 «Сан сауал» (каз.)
04.00 – 05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)

СӘРСЕНБІ
14 ҚЫРКҮЙЕК

QAZAQSTAN

6:00 Әнұран
6:05 «Жәдігер»
6:25 AQPARAT
7:00 «TAŃSHOLPAN».
10:10 «Гүлдер құпиясы». Телехикая.
11:00 «Жүректегі күз». Телехикая.
12:00 «ӨМІР КӨРКЕМ». Тікелей эфир
13:00 AQPARAT
13:10 «Бақыттың кілті». Телехикая.
14:10 «Қызық екен...»
15:15 «Тіршілік». Деректі фильм
15:45 «БАҚЫТСЫЗДАР БАҒЫ». Телехикая.
17:00 AQPARAT
17:15 «Қызық екен...»
18:00 «ГҮЛДЕР ҚҰПИЯСЫ». Телехикая.
19:00 «ЖҮРЕКТЕГІ КҮЗ». Телехикая.
20:00 AQPARAT
21:30 «БАҚЫТТЫҢ КІЛТІ». Телехикая.
22:30 «ӨМІР ЫЗҒАРЫ». Телехикая.
23:20 «1001 ТҮН».
0:40 «Мерейлі отбасы». Күнделік
0:50 ФУТБОЛ.
3:00 «Сана». Ток-шоу

05:00 "КІМ МЫҚТЫ 2"
06:00 "БЕГОМ ЗА ДЕНЬГАМИ"
07:00 "ОЯН!"
10:00 "В ФОКУСЕ"
10:30 "МИШКИ - БРАТИШКИ. СНОВА ВМЕСТЕ"
11:00 ТҰСАУКЕСЕР! "КЕЛІНЖАН 4"
12:00 "КӨЗІМДІ ЖҰМСАМ ДА..."
14:00 "АЙНALINE"
15:00 ТЕЛЕСЕРИАЛ. "КАПИТАНША"
17:00 "БЕГОМ ЗА ДЕНЬГАМИ"
18:00 НОВОСТИ. ИТОГИ ДНЯ
19:00 ҚОРЫТЫНДЫ ЖАҢАЛЫҚТАР.
20:00 ТҰСАУКЕСЕР! "КЕЛІНЖАН 4"
21:00 "КӨЗІМДІ ЖҰМСАМ ДА..."
23:00 ТЕЛЕСЕРИАЛ. "КАПИТАНША"

ASTANA TV

06:00 «Фазилет ханым» телехикаясы
07:00 «Маша и медведь» М/ф
09:00 «Жетім жүрек 2» үнді телехикаясы
11:00 «ЕНЕ» үнді телехикаясы
12:00 «Іңкәр сезім» корей телехикаясы
13:40 Ток шоу "Айтарым бар"
14:50 «Условия контракта» телесериал
16:00 «Мәриям» телехикаясы

7

06:00 Т/п «Қуырдақ»
07:00 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
08:00 Т/х «Пәленшеевтер»
09:00 Х/с «Женский доктор»
10:00 Х/с «Гром среди ясного неба»
12:30 Т/х «Пәленшеевтер»
13:40 Т/х «Ата-ана. Бала-шаға»
14:10 Т/с «Маэстро»
15:30 Т/с «Гадалка»
16:10 Х/с «Обычная женщина»

ШАҺАР ШЕЖІРЕСІ

ЖҰМЫСШЫ ҚЫЗДАР ЖАТАҚХАНАСЫ

Суретті түсірген Нұрмұхамат Имамов

Кезінде Целиноград қаласындағы елімізге танымал «Целиноградсельмаш» және «Қазақселмаш» кәсіпорынында қыздар көптеп жұмыс істеген. Осы өндіріс орындарына тиісілі жатақханада бес жүзге тарта қыз-келіншек тұрыпты.

Ол кезде жұмысшы-жастар арасында көркемөнерпаздар үйірмесі ұйымдастырылатын. Үйірме мүшелері бос уақыттарында жатақхана тұрғындарына концерт қойып, өз өнерлерін ортаға салатын.

Бұл сурет 1974 жылдың қаңтар айында түсіріліпті. Суретте жас өнерпаздар Любовь Юровская, Екатерина Плетнева, Светлана Борисова және Наташа Нурова кезекті концертке дайындалуда.

Қазір мұндай жұмысшы-қыздар жатақханалары болмағанымен, өнерпаз қыз-келіншектер мерекелерде өнер көрсетіп тұрады.

6:00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
7:00 «П@UTINA» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10:00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»
10:50 «НА САМОМ ДЕЛЕ»
12:00 «И ВСЕ-ТАКИ Я ЛЮБЛЮ...»
13:00 «ВЕТРЕНАЯ ЖЕНЩИНА»
14:10 «НОВОСТИ»
14:20 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMIZ» бағдарламасы
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
1:05 «ЗОЛОТАЯ ОРДА».
2:00 «ХИРОМАНТ».
3:05 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
3:15 «KÖREMIZ» бағдарламасы
4:00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
4:25 «П@UTINA» бағдарламасы

07.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
07.30 "ЖИМАУДЫҢ ЖЕТІСТІГІ"
09.00 "ИСПЫТАНИЕ-2", мелодрама
10.00 "КЛЯТВА ВРАЧА"
12.00 "МЕТОД МИХАЙЛОВА"
14.00 "НА ТВОЕЙ СТОРОНЕ-2", мелодрама
16.00 "ӨКІНІШ", өзбек телехикаясы.
17.30 "ҚҰПИЯ ҚОБДИША"
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ", ток-шоу.
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.40 "КЛЯТВА ВРАЧА", мелодрама.
23.50 "МЕТОД МИХАЙЛОВА"
01.50 "В ПЛЕНУ У ПРОШЛОГО"
02.30 "ӨКІНІШ"
03.45 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ"
04.30-05.00 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР

06:00 Информбюро (повтор)
07:00 Утренняя программа «Таңсәрі». Прямой эфир
09:00 Индийский сериал «Ханшайым»
10:00 Мультсериал «Маша и медведь»
10:30 Т/сериал «СеняФедя» (повтор)
11:30 Т/сериал «СеняФедя»
12:30 КИНО. «Вратарь Галактики» (повтор)
15:20 КИНО. «Мой Волк»
17:10 «Жажда скорости» (повтор)
20:00 Информбюро (рус/каз)
21:00 «Зейнеп» түрік телехикаясы
21:55 КИНО. Николас Кейдж в фантастическом боевике «Пророк»
00:00 Индийский сериал «Ханшайым»
01:00 «31 әзіл»
02:00 What's up
02:20 Сериал «Базарбаевтар»
03:00 Әзіл студио
03:40 1001 Әзіл
04:00 BALA BATLLE
04:30 What's up?
05:00 Ризамын

06:00 Т/п «Қуырдақ»
07:00 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
08:00 Т/х «Пәленшеевтер»
09:00 Х/с «Женский доктор»
10:00 Х/с «Гром среди ясного неба»
12:30 Т/х «Пәленшеевтер»
13:40 Т/х «Ата-ана. Бала-шаға»
14:10 Т/с «Маэстро»
15:30 Т/с «Гадалка»
16:10 Х/с «Обычная женщина»
17:20 Х/с «Женский доктор»
18:30 Aibat
19:00 Вечерняя программа «Студия 7»
19:30 Х/с «Чужие грехи» Премьера!
22:00 Т/с «Бизнесмен» Премьера!
23:20 Т/х «Отыңды өшірме»
01:20 Т/с «Гадалка»
02:00 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
03:00 Jaidarman
04:00 Т/х «Япырай»
05:00 Т/п «Қуырдақ»

07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
08.00 Телехикая «Қыз киялы» (каз.)
09.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)
09.40 «МАША И МЕДВЕДЬ» (мультсериал)
10.00 «БОСС-МОЛОКОСОС» (мультсериал)
10.25 «МИР НАИЗНАНКУ» (Бразилия, трэвел-шоу)
11.50 «ОДНАЖДЫ В РОССИИ»
12.20 «ЗАРАЖЕНИЕ» (драматический триллер, Мэтт Дэймон, Джуд Лоу, Кейт Уинслет)
15.00 «БІР БОЛАЙЫҚ» (каз.)
19.00 «OZMZ ғой» (каз.)
19.30 Телехикая «Ауылдастар» (каз. закл.)
20.10 «INSTA LIKE» (каз.)
20.30 «ТРИ ДНЯ НА ПОБЕГ»
23.00 «ПОРОХОВОЙ КОКТЕЙЛЬ»
01.20 «OZMZ ғой» (каз.)
01.50 Телехикая «Қыз киялы» (каз.)
02.50 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
04.00 – 05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)

ЖҰМА
16 ҚЫРКҮЙЕК

6:00 Әнұран
6:05 «Жәдігер»
6:25 AQPARAT
7:00 «TAŃSHOLPAN».
10:10 «Гүлдер құпиясы». Телехикая.
11:00 «Жүректегі күз». Телехикая.
12:00 «ӨМІР КӨРКЕМ». Тікелей эфир
13:00 AQPARAT
13:10 «Бақыттың кілті». Телехикая.
14:10 «Қызық екен...»
15:15 «ЖАҢА ҚАЗАҚТАН».
15:45 «БАҚЫТСЫЗДАР БАҒЫ». Телехикая.
17:00 AQPARAT
17:15 «Қызық екен...».
18:00 «ГҮЛДЕР ҚҰПИЯСЫ». Телехикая.
19:00 «ЖҮРЕКТЕГІ КҮЗ». Телехикая.
20:00 AQPARAT
20:35 «ASHYQ ALAŃ».
21:30 «БАҚЫТТЫҢ КІЛТІ». Телехикая.
22:30 «ӨМІР ЫЗҒАРЫ». Телехикая.
0:00 «PARASAT MAIDANY»
0:30 «Мерейлі отбасы». Күнделік
1:15 «Жаңа Қазақстан».

05:00 "Кім мықты 2"
06:00 Телевикторина. "Бегом за деньгами"
07:00 Тұсаукесер! Тікелей эфирде "Оян!"
10:00 Тұсаукесер! "Өнеге"
10:30 "Мишки - братишки. Снова вместе"
11:00 Тұсаукесер! "Келінжан 4"
12:00 Тұсаукесер! "Көзімді жұмсам да..."
14:00 "АйнаLine"
15:00 Телесериал. "Капитанша"
17:00 Телевикторина. "Бегом за деньгами"
18:00 Новости. Итоги дня
19:00 Қорытынды жаңалықтар.
20:00 Тұсаукесер! "Келінжан 4"
21:00 Тұсаукесер! "Көзімді жұмсам да..."
23:00 Мегахит "Черные воды"

06:00 «Фазилет ханым» телехикаясы
07:00 «Маша и медведь» М/ф
09:00 «Жетім жүрек 2» үнді телехикаясы
11:00 «ЕНЕ» үнді телехикаясы
12:00 «Іңкәр сезім» корей телехикаясы
13:40 Ток шоу "Айтарым бар"
14:40 «Президент пәрмені» бағдарламасы
14:50 «Условия контракта» телесериал
16:00 «Мәриям» телехикаясы
17:00 «JUMBAQTIMES» бағдарламасы
17:40 «Кішкентай келін» түрік телехикаясы
19:15 «Күлпәштің хикаялары» телехикаясы
20:00 «Astana times»
21:00 «ДАСТАН» түрік телехикаясы
21:55 «Жетім жүрек 2» үнді телехикаясы
23:50 «Іңкәр сезім» корей телехикаясы
01:40 «Условия контракта» телесериал

6:00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
7:00 «П@UTINA» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10:00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»
10:50 «НА САМОМ ДЕЛЕ»
12:00 «И ВСЕ-ТАКИ Я ЛЮБЛЮ...»
13:00 «ВЕТРЕНАЯ ЖЕНЩИНА».
14:10 «НОВОСТИ»
14:20 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMIZ» бағдарламасы
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:35 «ПОЛЕ ЧУДЕС»
21:55 Многосерийный фильм «ЧАС СЫЧА»
2:15 «НОВОСТИ»
2:25 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
3:35 «KÖREMIZ» бағдарламасы
4:20 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
4:45 «ТОЙ ЗАКАЗ» бағдарламасы

07.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
07.30 "ЖИМАУДЫҢ ЖЕТІСТІГІ"
09.00 "ИСПЫТАНИЕ-2", мелодрама
10.00 "КЛЯТВА ВРАЧА"
12.00 "МЕТОД МИХАЙЛОВА", остросюжетная драма (повтор)
14.00 "НА ТВОЕЙ СТОРОНЕ-2", мелодрама
16.00 "ӨКІНІШ", өзбек телехикаясы.
17.30 "ҚҰПИЯ ҚОБДИША"
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00 "ДАУ-ДАМАЙСЫЗ".
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.40 "КОШКИН ДОМ"
02.00 "В ПЛЕНУ У ПРОШЛОГО"
02.40 "ӨКІНІШ"
03.55 "ДАУ-ДАМАЙСЫЗ" (қайталау)
04.20 "KTKweb" (қайталау)
04.40-05.10 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР

06:00 Информбюро (повтор)
07:00 Утренняя программа «Таңсәрі». Прямой эфир
09:00 Индийский сериал «Ханшайым»
10:00 Мультсериал «Три кота»
10:30 Мультсериал «Маша и медведь»
11:20 Т/сериал «СеняФедя» (повтор)
12:20 Т/сериал «СеняФедя»
13:20 КИНО. «Мой Волк» (повтор)
15:10 «Пророк» (повтор)
17:20 КИНО. Джеки Чан, Арнольд Шварценеггер в фэнтези «Тайна печати дракона»
20:00 Информбюро (рус/каз)
21:00 «Зейнеп» түрік телехикаясы
21:55 «Перевозчик»
00:00 «Ханшайым» (повтор)
01:00 «31 әзіл»
02:00 Сериал «Базарбаевтар»
02:40 1001 Әзіл
03:00 Әзіл студио
04:30 What's up?
05:00 Ризамын

06:00 Т/п «Қуырдақ»
07:00 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
08:00 Т/х «Пәленшеевтер»
09:00 Х/с «Женский доктор»
10:00 Х/с «Чужие грехи»
12:30 Т/х «Пәленшеевтер»
13:40 Т/х «Ата-ана. Бала-шаға»
14:10 Т/с «Бизнесмен»
16:10 Х/с «Обычная женщина»
17:20 Х/с «Женский доктор»
18:30 Aibat
19:00 Вечерняя программа «Студия 7»
19:30 Х/с «Чужие грехи» Премьера!
22:00 Т/с «Бизнесмен» Премьера!
23:20 Т/х «Отыңды өшірме»
00:20 Х/с «Обычная женщина»
01:20 Т/с «Гадалка»
02:00 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
03:00 Jaidarman
04:00 Т/х «Япырай»
05:00 Т/п «Қуырдақ»

07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
08.00 Телехикая «Қыз киялы» (каз.)
09.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)
09.40 «МАША И МЕДВЕДЬ» (мультсериал)
10.00 «БОСС-МОЛОКОСОС» (мультсериал)
10.25 «МИР НАИЗНАНКУ» (Бразилия, трэвел-шоу)
11.50 «ТРИ ДНЯ НА ПОБЕГ»
15.00 «БІР БОЛАЙЫҚ» (каз.)
19.00 «INSTA LIKE» (каз.)
19.30 «ҚЫЗЫҚ LIVE» (каз. новый сезон)
20.30 «ДЖЕК РИЧЕР 2: НИКОГДА НЕ ВОЗВРАЩАЙСЯ»
22.50 «ОСОБО ОПАСЕН» (фантастический боевик, Анджелина Джоли, Джеймс Макэвой, Морган Фриман)
00.50 Телехикая «Қыз киялы» (каз.)
01.50 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
03.00 «Сан саусал» (каз.)
04.00 – 05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)

СЕНБІ
17 ҚЫРКҮЙЕК

6:00 Әнұран
6:05 «Жәдігер»
6:30 «Күміс көмей»
7:15 AQPARAT
7:50 «Зиньар»
8:35 «Мерейлі отбасы». Күнделік
8:45 «Көңіл толқыны»
9:20 «Әйел әлемі»
9:55 «ЫРЫСТЫҢ ҚАЗЫҒЫ»
10:00 «Гүлдер құпиясы». Телехикая.
11:00 «Жүректегі күз». Телехикая.
12:00 «Әзіл әлемі»
15:20 «Жан анам». Концерт
17:35 «ИТ - АДАМНЫҢ ДОСЫ МА?».
18:00 «ГҮЛДЕР ҚҰПИЯСЫ». Телехикая.
19:00 «ЖҮРЕКТЕГІ КҮЗ». Телехикая.
20:00 AQPARAT
20:30 «Ән мен әнші»
22:30 «ӨМІР ЫЗҒАРЫ». Телехикая.
23:30 «Көңілашар»
0:30 «Мерейлі отбасы».

05:00 "КІМ МЫҚТЫ 2"
06:00 КОНЦЕРТ. "МЕН ЖАЙЛЫ..."
08:00 МЕГАХИТ "ЧЕРНЫЕ ВОДЫ"
10:00 "СПОРТ ӘЛЕМІ"
10:30 ДЕРЕКТІ ФИЛЬМ. "КӨМБЕ"
11:00 ТЕЛЕХИКАЯ. "ТАҒЫ ДА СҮЙ"
13:00 МУЛЬТФИЛЬМ. "КАРЛИК НОС"
15:00 "КЕЛІНЖАН 4"
16:30 "МҰЛЬТУРНЫЙ КОНТЕКСТ"
17:30 АЙТЫС. "АСЫЛ ДОМБЫРА"
19:00 "COVERSHOW"
21:00 "7 КҮН"
21:40 "НЕ ХАБАР"
22:40 "БҰЛ ОСЫЛАЙ БОЛҒАН ЕДІ"
23:15 МЕГАХИТ. "САБОТАЖ"

06:00 «Фазилет ханым» телехикаясы
07:00 «Маша и медведь» М/ф
09:00 «Жетім жүрек 2» үнді телехикаясы
11:00 «JUMBAQTIMES» бағдарламасы
12:10 «ДАСТАН» түрік телехикаясы
15:00 «Шаншар»
18:40 «Көру керек» бағдарламасы
20:00 «SarapTimes» апталық-сараптамалық бағдарламасы
21:00 «ДАСТАН» түрік телехикаясы
21:55 «Жетім жүрек 2» үнді телехикаясы
23:50 «Tik-tok house» телехикаясы
01:20 «Бақыт құшағында» бағдарламасы
02:0 «Жұрттың балалары»

6:00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
7:40 «ТОЙ ЗАКАЗ» бағдарламасы
8:25 «П@UTINA» бағдарламасы
9:25 Фильм «РАЗРЕШИТЕ ТЕБЯ ПОЦЕЛОВАТЬ НА СВАДЬБЕ»
12:00 Юрий Батурин, Юлия Жигалина в многосерийном фильме «ОСКОЛКИ СЧАСТЬЯ»
16:30 «БЕСТІҢ ШАЙЫ» бағдарламасының тұсаукесері. Тікелей эфир
18:30 «АЙНА» бағдарламасы.Тікелей эфир
19:30 Фильм Оксаны Байрак «ЛЕТНИЙ СНЕГ»
0:20 Ночной кинотеатр. «БРАТ»
2:15 Премьера. «ПОЕХАЛИ!»
3:00 «П@UTINA» бағдарламасы
3:45 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы

07.05 "ҮЛКЕН ҮЙ-2", отандық телехикая
07.40 "OZAT ОТБАСЫ", ток-шоу
08.30 "KTKweb" (қайталау)
09.00 "ЮМОРИНА", шоу-программа
10.20 "КОШКИН ДОМ", детективная мелодрама (повтор)
14.30 "ЧЕЛОВЕК ДЕЛА", документальный фильм. Премьера!
15.30 "АТАЛАР СӨЗІ", өзбек телехикаясы.
17.00 "ДОЧКИ", мелодрама.
21.00 "БЛАГИМИ НАМЕРЕНИЯМИ", мелодрама (1-4 серия).
01.30 "В ПЛЕНУ У ПРОШЛОГО", мелодрама (повтор)
03.00 "АТАЛАР СӨЗІ", өзбек телехикаясы (қайталау)
04.15-05.00 "OZAT ОТБАСЫ" (қайталау)

06:00 Әзіл студио
07.00 Тәтті шоу
08:00 «31 әзіл»
09:00 «Күліп ALL»
09:30 Готовим с Адель (повтор)
10:00 «Алдараспан»
12:00 КИНО. «Зита и Гита»
15:30 КИНО. Нуртас Адамбай в комедии «Аким»
18:05 Анимационный фильм «Рио»
20:00 КИНО. Крис Эванс в фантастическом боевике «Первый мститель: Другая война»
23:00 «Bizdin show» (повтор)
01:00 «31 әзіл»
02:00 What's up?
02:30 Тамаша live
03:30 Әзіл студио
04:00 1001 Әзіл
04:30 Ризамын
05:00 «31 әзіл»
05:30 What's up?

06:00 Т/п «Қуырдақ»
07:00 Jaidarman
08:30 Т/п «Жұлдыздың жары»
09:00 М/ф
10:20 Х/с «Моя настоящая мама»
14:40 Салем, Қазақстан!
16:20 Т/х «Тақиясыз періште»
19:00 Х/ф «Хоббит. Пустошь Смауга»
22:40 Х/ф «Фрилансеры»
00:50 Х/ф «Ёлки последние»
02:50 Т/п «Жұлдыздың жары»
03:20 Т/х «Япырай»
04:30 Т/п «Тамаша»
05:20 Т/п «Қуырдақ»

07.00 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
08.20 «Жұлдызды Weekend» (каз.)
09.20 «Екі езу» (каз.)
09.35 «МАША И МЕДВЕДЬ» (мультсериал)
09.45 «ЛЮК – ПУТЕШЕСТВЕННИК ВО ВРЕМЕНИ»
11.00 «ОТЕЛЬ ДЛЯ СОБАК»
13.40 «ЭЛВИН И БУРУНДУКИ: ГРАНДИОЗНОЕ БУРУНДУКЛЮЧЕНИЕ»
15.00 «БІР БОЛАЙЫҚ» (каз.)
19.00 «ПОСТУПЬ ХАОСА»
21.00 «КИНГ-КОНГ»
00.50 «НЕ ДЫШИ»
02.20 «ТАВОО» (каз.)
03.20 «Опмай, опмай» (каз.)
04.00-05.00 «Екі езу» (каз.)

ЖЕКСЕНБІ
18 ҚЫРКҮЙЕК

6:00 Әнұран
6:05 «Жәдігер»
6:30 AQPARAT
7:00 «Күй керуен»
7:30 «Дәуір даналары». Деректі фильм
8:20 «AQSAÝYT»
8:45 «Көңіл толқыны»
10:00 «Гүлдер құпиясы». Телехикая.
11:00 «Жүректегі күз». Телехикая.
12:00 «Найзағай мысық пен сиқырлы үй».
13:20 «Көңілашар»
15:05 Шығармашылық кеші
17:20 «ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ»
18:00 «ГҮЛДЕР ҚҰПИЯСЫ». Телехикая.
19:00 «ЖҮРЕКТЕГІ КҮЗ». Телехикая.
20:00 «АРТА».
20:50 «АЙ-ХАЙ, 25!».
22:30 «ӨМІР ЫЗҒАРЫ». Телехикая.
23:30 «Көңілашар»
0:30 «ЗОРРО БЕТПЕРДЕСІ».
2:40 «Арта». Сараптамалық бағдарлама.
3:30 «Aqsaýyt».
3:50 «Жәдігер

05:00 "Кім мықты 2"
06:00 Концерт. "Вальс"
08:00 Мегахит. "Саботаж"
10:00 "Спорт тайм"
10:30 Тұсаукесер! "Помощь в дом"
11:30 Тұсаукесер! "Әке бақыты"
12:30 "Мишки - братишки. Снова вместе"
13:00 "Астерикс: Земля Богов"
15:00 Телехикая марафоны. "Келінжан 4"
17:00 Тұсаукесер! "Дүлдүлдер дүбірі"
17:30 "Жұп-жұбымен" шоуы
19:00 "Жеті қазына" мега шоуы
21:00 "7 күн"
21:40 "Интервью с Кривошеевым" расследований"
23:15 Мегахит. "Бельканто"

06:00 «Фазилет ханым» телехикаясы
07:00 «Маша и медведь» М/ф
09:00 «Жетім жүрек 2» үнді телехикаясы
11:00 «JUMBAQTIMES» бағдарламасы
12:10 «ДАСТАН» түрік телехикаясы
15:00 «Алдараспан»
17:40 «Tik-tok house» телехикаясы
19:00 «Бақыт құшағында» бағдарламасы
19:40 Тұсаукесер! «Жұрттың балалары»
20:40 Тұсаукесер! «Көру керек»
21:55 «Жетім жүрек 2» телехикая
23:50 «Есіктер 2» телехикаясы
02:30 «Менің де атым Қожа» Х/ф

6:00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
8:00 «П@UTINA» бағдарламасы
9:00 «ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ»
9:15 «ҚАЙМАҚ»
10:05 Многосерийный фильм «ОСКОЛКИ СЧАСТЬЯ 2»
15:40 «ГОЛОСЯЩИЙ КИВИН - 2022». Музыкальный фестиваль
18:55 «ДОБРЫЙ ВЕЧЕР, КАЗАХСТАН!». Новый сезон
20:00 «ГРАНИ». Прямой эфир
21:00 Премьера. Многосерийный фильм «СОЛНЕЧНЫЙ ЛИВЕНЬ»
1:15 «ТРИ АККОРДА»
3:00 «П@UTINA» бағдарламасы
3:45 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы

07.05 "ӘН МЕН ӘНШІ"
08.10 "OZAT ОТБАСЫ", ток-шоу
09.00 "ЮМОРИНА", шоу-программа
10.00 "БЛАГИМИ НАМЕРЕНИЯМИ", мелодрама (повтор)
14.30 "ЧЕЛОВЕК ДЕЛА", документальный фильм. Премьера!
15.30 "АТАЛАР СӨЗІ", өзбек телехикаясы.
17.00 "ЦВЕТ ЛИПЫ", детективная мелодрама (1-4 серия).
21.00 "ПОРТРЕТ НЕДЕЛИ" с Артуром Платоновым
22.00 "КЕЛИНКА САБИНА-3". Премьера Казахстанского кино!
00.10 "В ПЛЕНУ У ПРОШЛОГО", мелодрама (повтор)
02.20 "АТАЛАР СӨЗІ", өзбек телехикаясы (қайталау)
03.45 "OZAT ОТБАСЫ" (қайталау)
04.30-05.00 "КТК" ҚОРЖЫНЫНАН"

06:00 Әзіл студио
07:00 Тамаша live
08:00 «31 әзіл»
08:30 «Күліп ALL» (повтор)
09:00 TeleBingo. Прямой эфир
09:25 Готовим с Адель
10:00 КИНО. «Зита и Гита» (повтор)
13:30 КИНО. Нуртас Адамбай в комедии «Аким» (повтор)
16:00 Анимационный фильм «Рио» (повтор)
18:05 КИНО. Крис Эванс в фантастическом боевике «Первый мститель: Другая война» (повтор)
21:00 КИНО. Джейсон Стэйтем в боевике «Перевозчик» (повтор)
23:00 КИНО. Джейсон Стэйтем в боевике «Перевозчик 2»
00:50 «31 әзіл»
02:00 Тамаша live
03:00 Әзіл студио
03:30 What's up?
04:00 1001 Әзіл
04:30 Ризамын
05:00 «31 әзіл»
05:30 What's up?

06:00 Т/п «Қуырдақ»
06:20 Салем, Қазақстан!
08:30 Т/п «Жұлдыздың жары»
09:00 Т/п «Измайловский парк»
11:30 Х/ф «Тристан и Изольда»
14:10 Т/х «Отыңды өшірме»
19:10 Т/х «Тақиясыз періште»
21:00 Х/с «Слабое звено»
01:40 Т/п «Жұлдыздың жары»
02:10 Jaidarman
03.10 Т/х «Япырай»
03:50 Т/п «Тамаша»
04:40 Т/п «Қуырдақ»

07.00 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
08.20 «Жұлдызды Weekend» (каз.)
09.20 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)
09.35 «БОСС- МОЛОКОСОС: СНОВА В ДЕЛЕ» (мультсериал)
10.20 «ГУБКА БОБО В 3D» (анимационный фильм)
12.00 «КИНГ-КОНГ» (приключенческое фэнтэзи, Наоми Уотс, Эдриен Броуди)
16.30 «ОДНАЖДЫ В РОССИИ»
17.00 «РЕВЮ WEEKLY» (каз.)
17.30 Скетчком «ДОСТЫҚ 99» (каз. новый сезон)
18.00 «ҚЫЗЫҚ LIVE» (каз. новый сезон)
19.00 «10 000 ЛЕТ ДО Н.Э.» (семейное фэнтэзи, Стивен Стрейт, Камилла Белль)
21.00 «СМЕРТЕЛЬНАЯ ГОНКА» (боевик, Джейсон Стэйтем)
23.00 «КРАСОТКА НА ВЗВОДЕ» (комедийный боевик, Кейт Бекинсейл, Джай Кортни)
01.20 «ТАВОО» (каз.)
02.20 «Опмай,Опмай» (каз.)
03.00 «Сан Сауал» (каз.)
04.00-05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)

ШАҺАР ШЕЖІРЕСІ

«ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ» ДӘРІГЕРЛЕРІ

Өткен ғасырдың 70-ші жылдарының соңында Целиноград біріккен ауруханасы жанындағы жедел жәрдем нейрохирургиялық бөлімшесінің дәрігерлері өңірге кеңінен танылды.

Суретті түсірген Нұрмұхамат Имамов

Олар тек Целиноград емес, көршілес Павлодар, Торғай облыстарындағы сырқаттарға да шұғыл шақыртумен жиі-жиі шығып, жедел жәрдем қызметін көрсетіп жүрді.

Бұл сурет 1976 жылдың сәуір айында түсірілген. Мұрағат құжаттарында аурухананың нейрохирург-дәрігерлері В.П.Медведев, В.А.Кузьменко және В.А.Плотников Торғай облысының бір ауылына келіп, науқастың сырқатын тексеру сәті бейнеленген.

Қазір де қаланың «Жедел жәрдем» қызметі науқастарға тәулік бойы мінсіз қызмет көрсетіп, қадір-құрметіне бөленіп жүр.

«Ваш Столичный Ломбард» ЖШС күн сайын, кепіл мүлкін соттан тыс сатуды жүзеге асырады. Ломбардтарда ашық аукционда сату арқылы, зергерлік бұйымдар түріндегі мүлікті. Толығырақ vsl.kz/torgi

№106 (4384) 08/09/2022 Бейсенбі

ЕРЕКШЕ БАЛАЛАРҒА – ЕРЕКШЕ ҚОЛДАУ

Ерекше қажеттіліктері бар балалар қоғамның ерекше қолдауын қажет етеді. Өздерін қоршаған ортаның кішкентай бір бөлшегі ретінде сезіну олар үшін аса маңызды. Көптеген орталық пен ұйымның осы мәселеге жіті көңіл бөліп, әлеуметтік сұрақпен айналысуы «ерекше» балалар мен ата-аналарға үміт сыйлайды.

Бақытты Шаңырақ

Түрлі диагнозы бар балаларға қол ұшын созып келе жатқан орталықтың бірі де бірегейі – «Бақытты шаңырақ» қоғамдық қоры. Елордада жұмыс істейтін орталық ересектер мен балаларға оңалту қызметтерін ұсынады.

Бүгінде «Бақытты шаңырақтың» төрт орталығы бар. Екі жыл бұрын ашылған қор бүгінде ерекше тағдырлары бар 600 отбасының басын қосып отыр. Отбасыларға азық-түлік себеті, білім беру құралдары, кәсіпкерлік негіздеріне тегін оқыту секілді түрлі материалдық, әлеуметтік, білім беру және психологиялық көмек көрсетіледі. Сондай-ақ жұмысқа орналасу мүмкіндігі беріледі.

Жуырда ғана ашылған төртінші орталық Рақымжан Қошқарбаев, 60 мекенжайында орналасқан. Бұл елімізде мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған алғашқы оқыту-дамыту орталығы. «Бақытты шаңырақ» қоғамдық қорының қызметкері Сәния Нұрмұханованың айтуынша, орталықтың негізгі ерекшелігі барлық отбасы мүшелерінің біріктіруінде. Яғни, мұнда ата-анаға да, балаға да қызмет көрсетіледі.

– Қордың негізгі міндеті – заңнамалық деңгейде мүмкіндігі шектеулі балалар мен олардың ата-аналарының құқықтарын бекіту. Оған зейнетке шығу мәселесі, тұрғын үй бағдарламалары, ментальді бұзылулары бар балалардың мәселелері және т.б. жатады. Сондай-ақ қоғамда балаларды денсаулығына қарай бөліп қарау бар. Меніңше, әр адам бірдей мүмкіндік пен құқыққа ие. Бұл мәселені шешуде біз ата-аналармен ұйыса отырып, тең құқық үшін күресіп келеміз, – деді С.Нұрмұханова.

Маманның айтуынша, ерекше қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналарға кәсіби біліктілік жетіспейді. «Қазіргі таңда ата-аналар арасында дайын көмекті алу тенденциясы белең алып келеді. Ал біз осы мақсатта оларды жұмысқа орналастырып, отбасын асырауға бағыттаймыз. Кәсіп бастап, оны ары қарай дөңгелетуге үйретеміз» деп атап өтті орталық қызметкері.

Орталықта ДЦП, аутизм, даун синдромы және жүрек талмасы секілді диагнозы бар балалар үшін педагогикалық түзету қарастырылған. Логопед, дефектолог, психолог мамандардың оқыту сабақтары мен психологиялық қолдауы ұсынылады. Ата-аналар үшін онлайн түрде үйде отырып, кәсіп бастау бойынша түрлі бағыттағы семинар-тренингтер өткізіледі.

Қызығы, орталықтың барлық қызметкерлері – ерекше балаларды тәрбиелеп отырған, осы орталықтың көмегіне жүгінген ата-аналар. Солардың бірі – орталықтың үйлестіруші маманы Гүлжас Шындәулетова. «Ұлым Омар ДЦП диагнозымен ауырады. Біз осы орталықтан көмек алып жүрміз. Психолог мамандардың кеңесіне жүгінеміз. Орталық мамандары жан-жақты қолдау беруге дайын тұрады» деді жас ана.

Айта кету керек, 2021 жылы қордың белсенді жұмысының нәтижесінде «Бақытты отбасы» бағдарламасымен 4000-ға жуық отбасының тұрғын үй алуға байланысты өтініші мақұлданды.

«Бақытты шаңырақ» қоғамдық қоры Назарбаев университетімен меморандумға қол қойған. Оған сәйкес, оқу орнының студенттері онлайн түрде ерекше балаларға математика мен ағылшын тілі пәндері бойынша сабақ береді. Сондай-ақ Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің Халықты жұмыспен қамту орталығымен де келісім орнатылған. Мәселен, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Тоғжан Сәден «Жастар тәжірибесі» бойынша биыл жұмысқа орналасты. «Жас маман, педагогпын. Ерекше қажеттіліктері бар балалармен, олардың ата-аналарымен бірлесе отырып, балалардың дамуына үлес қосқым келеді» деді мұғалім.

Қоғамдық қордың ұжымы алдағы уақыттта инклюзивті білім беруді қолға алмақ. Орталықтың негізгі ұстанымы: балалары бар үй – бақытты шаңырақ.

Индира БЕРЖАНОВА

ӘРЕКЕТСІЗДІК – МАСЫЛДЫҚҚА ҰРЫНДЫРАДЫ

2022 жылы үкімет әлеуметтік салаға 8,6 триллион теңге бөледі, бұл 2022 жылға арналған бюджет шығыстарының жалпы көлемінің 46 пайызын құрайды, әрі бұрын жоспарланғаннан 581 миллиард теңгеге артық. Мемлекеттің әлеуметтік шығындары жылдан-жылға өсіп келеді, одан түзеліп жатқан халықтың жағдайы шамалы. Ендеше бұл қоғамда тәуелділікті, қарекетсіз масылдықты тудырмай ма деген күмәнді сұрақ туындайды.

Айгул УАЙС

Қазақтың «толмас шелекке құйма» деген сөз бұл ретте үкіметтің әлеуметтік саласындағы бағдарламаларына жүрмейтінін белгілі. Өйткені мемлекет өзінің дамуында әлеуметтік мәселерді шешуді алдыңғы орынға қояды.

Әлеуметтік әділеттілік принципіне сәйкес әлеуметтік мемлекет барлық азаматтардың лайықты өмір сүру деңгейін қамтамасыз ету, көмек көрсету мақсатында материалдық игіліктерді өмірдің қиын қыспағында қалғандарға көмек қолын созу міндетті. Мемлекет тарапынан көрсетілетін мұндай қолдау қоғамдағы әлеуметтік шиеленісті төмендету мақсатында да барлық елдерде жүзеге асырылады. Осының аясында мемлекеттік әлеуметтік саясат күш салуда халықты әлеуметтік қолдауды ұлғайту, барлық мұқтаж адамдардың күнделікті тұрмысын жеңілдету үшін ең төменгі әлеуметтік стандарттарын ұсына алады. Бірақ осы деңгейде қалып қоймай, биікке ұмтылып, мемлекетке тәуелді болмаудың жолын қарастыру механизмі неге қатар айтылмайды?

Азаматтарды өзін-өзі қамтамасыз етуге ынталандырудың және бейімдеудің көптеген мемлекеттік әдістері іске қосылмаса, елде масылдық қалыпты жағдай ретінде халық санасында орнығып қалуы мүмкін. Оның салдары қалыпты құбылыс болып қалмақ. Бұл ретте әлеуметтік масылдықтың санамызға мықтап бекуінен сақтанғанымыз жөн болар. Ел ішінде шын мұқтаждар емес, «алған үстінен ала берсем» дейтін пиғылдылар қаптап келеді. Шын мұқтаждар қайта қымсынып, кабинеттердің есігін ашып, тепсініп талап етпей, ізденуге тартынып тұрады. Мемлекеттің әлеуметтік саясатының теріс салдары осыған жеткізетінін мойындау керек. Әрине, жетім мен жесірді, мүгедектер мен көпбалалы аналарды тағы басқа қоғамның аз қамтылған топтарын ойлағанда, масылдық туралы айтуға да ауыз бармайды. Бірақ, біршама түсініксіз, түпсіз шелекке су құйғандай, халықтың қуатын арттыруға емес, қарекетсіз масылдыққа ұрындыратын бұл құбылысты қалай реттеуге болады? Жоғарыда аталған санаттағы адамдардың ішінде де қаласа қарды жандыратын, тауды қопаратындар жоқ емес қой.

Шын мұқтаждардан бөлек, «масылдылық» адамның жеңіл жолмен жеткен азықты талғажу етіп, одан артығына қол жеткізуге оның жолында барлық күшімен ауыр еңбек болса да тартынбауға, игіліктерге ұмтылысын жояды.

Оның ар жағында ақылы мен қайратына сенбеген соң, «паразиттік» сана билейді. Ол өмір салтына айналып, қоғам есебінен қолайлы өмір сүруді ойлайды. Бірақ әлеуметтік көмектің деңгейі ешқашан қандай бір мемлекетте болсын, қазақша айтқанда ұшпаққа жеткізбейді. Адам өзінің күш-жігерімен ғана сол жақсылыққа жетеді.

Айтарымыз, масылдықты қалыпты әлеуметтік құбылыс деп санауға болмайтынын, оның адамзаттың дамуын шектейтін, қалыпты жағдайдан ауытқуы болып табылатынын түсіну керек.

Мемлекеттен дәметкен дұрыс, алайда бұл дегеніңіз ерік-жігеріңізді матап, құрдымға бастайтынын білген жөн. Игіліктерге маңдай терінсіз жеткісі келетін, масыл болудан арланбайтындар жоқ емес. Алайда барынша, жағдай жасап, олардың осындай қыспақтан шығуына күш жұмсап, барлық мүмкіндікті соған құйса, бәлкім, кедейі жоқ елге айналып, нағыз әлеуметтік қоғамды құрармыз.

Соңғы күндері елімізде орман өрті үдеп тұр. Ең алдымен, Қостанай облысының Әулиекөл ауданына қарасты орманды алқаптан басталған бұл өрт бүгінгі күнде Жетісу жеріне дейін жетіп, Шығыс Қазақстанды да шарпыды. Таң қаларлық жағдай.

ОРМАНЫ БАРДЫҢ – ҚОРҒАНЫ БАР

Қалиақбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Әулиекөл ауданындағы орманның бір уақытта бірнеше алқабынан қатар жанып, оған қоса Қостанай қаласындағы қару-жарақ дүкеніне де өрт кеткенде жұрт арасында «бұл өрт қасақана жасалған қастандық емес пе?» деген күмән пайда болды. Іле-шала Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қостанай облысының өртті сөндіру жөніндегі жедел штаб отырысын өткізген кездегі «Қостанайдағы өрт 4 аудан аумағына жайылды, тағы 5 облыста – Ақтөбе, Түркістан, Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Ақмолада өрт ошақтары пайда болды» деген мәлімдемесі мен ҚР төтенше жағдайлар министрі Юрий Ильиннің «Өрт қасақана адам қолынан болды деген нұсқаны жоққа шығармаймыз» деген сөзі күмәнімізді тіпті күшейтті. Енді, міне, бірде Ақмола облысының Зеренді ауданындағы орманды алқаптан өрт шықса, 6 қыркүйек күні Алматының іргесіндегі, Алатаудың бөктеріндегі орманның жаландаған жалынға орануы, Шығыс Қазақстан облысына қарасты Марқакөл маңындағы маң даланың өртенуі... бұл реткі өрттің тегін емес екенін шындап аңғартқандай. Найзағай түсіп, тосыннан өрт кетті дейтін себеп айтуға да келмейтін ашық күнде аяқ астынан орманды алқаптардың бірінен кейін бірі өртенуі түсініксіз.

Елімізде орман қорының жалпы ауданы 30,4 млн гектар. Бірақ, Қазақстанда орманды алқаптың көлемі ел аумағының небәрі 4,6 пайызын құрайды. Есесіне шөл және шөлейт жерлер Қазақстанның 56 пайызын алып жатыр.

«ЖАСЫЛ БЕЛДЕУ» ЕЛОРДАНЫҢ «ӨКПЕСІ»

Елімізде орманның өсуі де әркелкі. Кейбір облыстарда сыңсыған сұлу орман жоқ. Климатымыз әр алуан, топырақ жағдайы да әртүрлі. Демек, Қазақ мемлекетінің алдында тұрған бір үлкен міндет бар. Ол – табиғи ормандарды қорғап, ағаш егіп, орман отырғызу; шөлейттенудің алдын алып, жасанды орман белдеуін үздіксіз ұлғайту. Осы тұрғыдан алғанда, «Астананың жасыл белдеуін қалыптастыру» мақсатында елорда төңірегіне 100 мың гектарға жуық аумаққа орман отырғызылғаны – қуанарлық жағдай. Осы орман белдеуінің қалыптасуымен, астананың ақырған аязының да беті қайтып, бораны бәсейді.

«Жасыл белдеу» – Қазақстан Республикасының 1997 жылдан бастап жүзеге асырып келе жатқан, астананың іші мен оның маңайындағы аймақтарды абаттандыру жобасы. Қаланың өзінде және оған жапсарлас аумақтарда жасыл желек қалыптастыру және оны сақтау мақсатында елорда айналасын қоршай бой көтерген жасыл белдеу бұл күнде қаланың таза ауамен тыныстауына мүмкіндік беретін «өкпесіне» айналды. Бұл орманды алқапта 10 миллионнан астам ағаш пен 2 миллионға жуық бұта бар. Демек, орман – далаға сән беретін, тіршілікке нәр беретін бағалы байлық ғана емес, климаттың өзгерісіне де оң ықпал ететін, сондай-ақ ел қорғанысына да қалқан болатын қасиетті қорған. Міне, сол қорғанымыздың ай мен күннің аманында шетінен отқа оранып, жалынға жалманғаны жанға батады.

ӘЛЕМДЕ ОРМАН АЗАЙЫП БАРАДЫ

Жасыл шардағы орман қорының жалпы аумағы 32 пайызды құрайды. Бұл ормандар, негізінен, Оңтүстік Америкада, Ресейде, Орталық Африкада және Оңтүстік-Шығыс Азияда шоғырланған. Бұл төрт өңірдегі орман әлемдегі орманның 60 пайызын құрайды, әсіресе Ресей, Бразилия, Индонезия және Конго Демократиялық Республикасы әлемдегі орманға ең бай елдер саналады, себебі әлемдегі орманның 40 пайызы осы 4 елге шоғырланған.

БҰҰ-ның Қоршаған ортаны қорғау басқармасы адамзаттың кесірінен жаһандағы орманның жартысына жуығы жойылып кеткен деген деректі алға тартады. БҰҰ Азық-түлік және ауылшаруашылық ұйымының 2001 жылғы есебіне сүйенсек, әлемдегі орман алқабы 1990 жылғы 3,96 миллиард гектардан 2000 жылы 3,87 миллиард гектарға дейін азайған. Демек, жыл сайын әлемде неше жүз мың гектар орман жойылып кетіп жатыр. Осыған байланысты кейбір елдер табиғи орманды өз елінің құнды байлығы, ұлттық қоры ретінде бағалауды заңмен кепілдендірген.

ӨРТ АПАТЫ – ЕҢ АУЫР БОЛҒАН ЖЫЛ

Қазақстан да соңғы жылдары орман отырғызу жұмысына ден қойғанымен, табиғи ормандар жыл сайын өртке оранып, көлемі азайып барады. Мәселен, 2011 жылы сол кездегі Оңтүстік Қазақстан облысына қарасты Боралдай орман шаруашылығында 4000 гектарға жуық орман өртеніп кеткен.

2013 жылы Түркістанда 600 гектарға жуық тоғай күлге айналса, келесі жылы Арыс қаласында 200 гектар орман өртке оранды. 2014 жылы ел бойынша 500 гектарға жуық орман апатқа ұшырап, өрт себебі белгісіз күйде қалды. 2015 жылы шырайлы шығыстың сәні болған Марқакөл маңында өрт кетіп 900 гектар орман жанып кетті. Бұл өткен он жылдықтағы ең ірі өрт апаты болса, 2021 жылғы 10 мамырда Шығыс Қазақстан облысы Риддер қаласы маңындағы орманға өрт кетіп, 272,4 гектар орман қызыл жалынның құлқынына түсті. Төтенше жағдайлар министрлігінің мәліметінше, 2021 жылдың бірінші жартыжылдығында Қазақстанда 500-ге жуық орман өрті тіркеліп, салдарынан 38 мың 27 гектар жер өртенген (2020 жылы – 22 мың 626 гектар, бір жылда плюс 68%) болса, биыл жыл басынан бері 800-ге жуық орман өрті тіркелген. Тек қана Қостанай облысындағы өртте 43 мың гектар орман өртке оранды. Демек, биылғы жыл Қазақстандағы өрт апаты ең ауыр болған жыл болып тұр.

ЖАЛАҚЫ АЗ, ӨРТ КӨП...

Қазақстанда мейлі қай өңірде, қайсы аймақта өрт апаты болса да, оның нақты себебі анықталмай, жұмбақ күйде қалып жатады. «Күннің ыстығы», «найзағайдың түсуі», «орман қорғаушылардың немқұрайдылығы» деген сияқты себептер айтыла-айтыла жауыр болуға айналды. Өрт болған кезде қылмыстық іс қозғалады да, өрт сөнген соң, ол да «өшеді». Сосын да шығар, бізде жыл сайын орман өрті үзілмейді. Кінәліні тауып, қатаң жазаламаған соң, орманшылар да өртке немқұрайды қарайтын деңгейге жетті. Өйткені көптеген өңірлерде, әсіресе табиғи орман алқаптарында өрт қауіпсіздік шаралары сақталмайды. Алда-жалда өрт туыла қалса, оны қалай ауыздықтаймыз деген мәселеге мән берілмегендіктен, көп өңірлерде өрт туыла сала дереу ауыздықталмайды.

Оның үстіне, Қазақстандағы өрт сөндіру техникаларының



көбі ескі, өрт сөндіруге қолайлы тікұшақтар саны аз. Таулы өңірлерге доңғалақты көліктер бара алмайтындықтан, өртті өшіруге адам күшіне таянуға тура келеді. Өткен жылы тамыз айында Төтенше жағдайлар министрлігі 48 млрд теңгеге өрт сөндіру техникасын сатып алуды жоспарлап отырғанын жариялаған болатын. Алайда біз аталған министрліктің баспасөз қызметіне хабарласқанымызда, өрт сөндіру техникасын сатып алу бойынша 2021-2023 жылдарға арналған Жол картасы бектілгенін, Жол картасы аясында республикалық бюджет есебінен 387 бірлік автокөлік құралын сатып алу жоспарланғанын атап өтті (2021ж. – 134 бірлік, 2022 ж. – 127 бірлік, 2023 ж. – 126 бірлік).

Алайда, 2021 жылы республикалық бюджет есебінен қаражат бөлінбей, өткен жылы ешқандай техника сатып алынбаған. Ал биыл өрт сөндіру қызметтеріне 146 бірлік өрт сөндіру-құтқару техникасы сатып алынған. «Қазір Министрліктің әуе паркінде әртүрлі типтегі 132 тікұшақ бар. Өрт сөндіру қызметтерінің иелігінде әртүрлі санаттағы 3321 бірлік өрт сөндіру-құтқару техникасы бар. Бүгінде жаңартуды қажет ететін техниканы есепке алғанда, қосымша 944 өрт сөндіру техникасын сатып алу қажет» деп түсіндірді ТЖМ баспасөз қызметі. Демек, орманды өрттен қорғайтын мекемелердің техникаларының 20 пайыздан астамы ескі. Қостанайдағы өрт кезінде өрт сөндіру машиналарының дұрыс жұмыс істемей, су құбырлары жарылып жатқаны жайлы ақпараттардың тарауы да тегін емес.

«Өрттің көбеюінің бірқанша түрлі себебі бар» дейді аты-жөнін, жұмыс орнын жазбауымды өтінген мәлім бір орман шаруашылық мекемесінің бастығы. «Біріншіден, жұрттың өрттен сақтану сәуясы төмен. Орман арасында демалады да, жаққан отын толық өшірмей кетеді. Екіншіден, қазіргі шылымдар оңай өшпейді. Бұл – өртке себеп болатын адами факторлар. Жаратылыстық себептер де аз емес» дейді ол.

– Ең бастысы, орман шаруашылық мекемелерінде қызметкер жетіспейді. Себебі жалақы төмен, 75 мың теңге жалақымен қайтып күн көреді?! Бұл – бір. Екіншіден, техникаларымыз қаусап тұр. Бұрын 7 жылда бір жаңалайтын, ал қазір 10 жылда жаңалау міндеттелген. Оның өзі атқарылмай қалады. Берген тікұшақтары су шашуға қабілетсіз. Үшіншіден, орман қарауылдары жаяу жүр. Бұрын мотоцикл берілетін, қазір ол да жоқ. Тау ішінде өрт болса, жедел жетудің өзі мұң, – дейді орман шаруашылығы мекемесінің бастығы.

Әрине, бұдан сырт, жұрт арасындағы әңгімелерге қарағанда, Қазақстанда орманнан ағаш, отын алу үшін жасыл желекке әдейі өрт қоятын қаскөйлер де бар көрінеді. Тіпті олар орманшылармен астасып та алатын сыңайлы. Өйткені біздің елде орман өртегендерге берілетін жаза тым ауыр емес, 8 жылға ғана сотталады.

Қысқасы, орманды қорғау – әрбір азаматтың борышы. Өйткені ол тіршіліктің қорғалы, елдің қорғаны. Сондықтан орман өртінен сақтануға мемлекеттік деңгейде баса назар аудару керек. Бүкіл елді жайлаған жемқорлық бұл салада да жоқ емес болуы мүмкін. Ол да – ескеретін мәселе. Әсіресе, орманшылардың жалақысын көтеру кезек күттірмейтін міндет. Себебі өзі аш құрсақ, бала-шағамды қалай бағам деп уайымдап жүрген адам орман күзетіп те жарытпайды.

9 қыркүйекте «Астана Балет» театры Х мерейтойлық маусымын ашады. Астаналық театрдың сан-алуан репертуары мен ғаламат әртістері көрермен көзайымына айналды. Өткен маусым да өте ерекше болды. Ал жаңа шығармашылық жылда театр көрермен қауымды несімен селт еткізер екен? Жаңа маусымның жоспарлары туралы театр директоры Александр Совостьянов айтып берді.

МЕРЕЙТОЙЛЫҚ МАУСЫМДА – «ЖІБЕК ЖОЛЫ»

– Александр Александрович, биыл «Астана Балет» театры 10 жылдығын атап өтпекші. Театрдың қазіргі жай-күйі қалай?

– «Астана Балет» театры – еліміздің жетекші хореографиялық ұжымдарының бірі. Түрлі жанрдағы бірегей репертуарымыз әлемдік және отандық классика туындыларымен, біртуар хореографиялық қойылымдармен толысып келеді. Сонымен бірге, театрымыздың жеке симфониялық оркестрі бар. Гастрольдік-концерттік қызметіміз де орасан. Қазақстан ішінде ғана емес, шет елдерде жиі өнер көрсетеміз.

Біздің театр – өз ісіне адал, бізде жұмыс істейтін мамандардың бәрі нағыз дарын иелері. Біздің театр жыл өткен сайын әлемдік хореография кеңістігіне танылып келеді. Биыл мерейтойымызды атап өтпекшіміз. Алға қойған тың шығармашылық жоспарларымыз бен көркемдік міндеттеріміз өте көп.

– Жаңа театр маусымын қандай спектакльмен ашпақшысыз?

– Жақын арада мерейтойлық маусымымыздың шымылдығы түріледі. Көрермен назарына «Жібек жолы» спектаклін көрсетеміз. Оның премьерасы өткен маусымның шымылдығын жапты. Әртістер мен музыканттар көрермен қауыммен қауышар сәтті асыға күтіп жүр. Ал 24-25 қыркүйекте шақырылған солист Жания Әубәкірованың қатысуымен, симфониялық оркестрдің «Есімдер» атты концерті өтеді.

– Осы мауымда қандай премьералар өткізуді жоспарлап отырсыздар?

– 2022 жылдың аяғына дейін екі ғаламат спектакльдің премьерасын өткізбекшіміз.

Хореограф Альберто Алонсоның бір актілі «Кармен-сюита» балетінің премьерасы болмақшы. Ол Жорж Бизенің «Кармен» операсының негізінде қойылып, композитор Родион Щедрин осы қойылымға арнап оркестр туындысын шығарған болатын. Бұл балеттің сахналық өмірі оңай болған жоқ. Бірақ, осы күні бұл туынды дүниежүзінде қойылып, орындалып келеді. Көрермендеріміз біздің ғажайып әртістеріміздің орындауында осы спектаклді тамашалап, рухани ләззат аларына сенімдіміз.

Сонымен бірге, Ганс Христиан Андерсеннің танымал ертегісінің бірінің желісімен қойылған, бүкіл отбасымен бірге тамашалауға арналған «Қар патшайымы» балетінің премьерасы да өтпекші. Балетмейстері – Георгий Ковтун. Ол театрымыздың сахнасында «Вальпургий түні» және «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» балеттерін қойған болатын.

Театрдың гастрольдік сапарлары да көп болмақ. Театр репертуарындағы спектакльдер Қазақстанда ғана емес, шет елдік сахналарда да көрсетуге тұрарлық.

Сұхбаттасқан
Аманғали ҚАЛЖАНОВ

БАС БАСЫЛЫМДА – АЛАШШЫЛ АЗАМАТ

«Егемен Қазақстан» республикалық газеті» ЖШС бас директоры қызметіне белгілі ғалым, газетіміздің байырғы, тұрақты авторы, жанашыры Дихан Қамзабекұлы тағайындалды. Жаңа басшыны ұжымға Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі таныстырып, жауапты қызметте сәттілік тіледі.

Дихан Қамзабекұлы 1966 жылы 19 маусымда Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданында дүниеге келген. Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогика институтын қазіргі Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университетін тәмамдаған.

Филология ғылымдарының докторы, профессор, «Дарын» Мемлекеттік жастар сыйлығының, Қазақстан Республикасы Журналистер одағының Сұлтанбек Қожанұлы атындағы сыйлығының, Қазақстан Республикасы Президенті стипендиясының иегері, ҚР ҰҒА академигі.

Қаламгер ғалым 2005 жылдан бастап Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректоры, университет жанындағы «Алаш» мәдениет және рухани даму институтының директоры болып қызмет еткен.

TARTYL FEST ЕЛОРДАДА ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ

Елордада турникке тартылудан Tartyl Fest спорт фестивалі қорытындыланып, жеңімпаздары анықталды.



Турнир Президент жанындағы «Дара» қоғамдық қорының қолдауымен еліміздің барлық өңірінде ұйымдастырылып, соңғы 20-кезеңі Нұр-Сұлтан қаласында, EXPO аумағында өтті. Бұл жарысқа қатысуға 650-ден астам елордалық өтінім берген. Ең үлкен қатысушы – 81 жаста.

Астаналықтар фестиваль рекордын жаңарта алмады, ең жоғары көрсеткіш – 38. Рекордты тараздық Евгений Нам орнатқан еді, ол белтемірде 50 рет тартылған. Ал елордада 9 санаттағы Tartyl Fest жеңімпаздары анықталды. Бірінші орын үшін 200 мың теңге ақшалай сыйлық, екінші орын үшін 100 мың теңге, үшінші орын үшін – 50 мың теңге берілді.

Енді әр қаланың жеңімпаздары (тоғыз санатта) қазан айында Нұр-Сұлтанға гранд-финалға келеді. Ал гранд-финал чемпиондары Финляндияда өтетін Street Workout бойынша әлем чемпионатына қатыса алады.

ОПЕРА ЖҰЛДЫЗЫ – АСТАНА САХНАСЫНДА

9 қыркүйекте «Астана Опера» театры өзінің мерейтойлық оныншы театр маусымын әлемдік опера сахнасының жұлдызы, «Грэмми» сыйлығының лауреаты, сопрано Суми Чоның (Корея) қатысуымен өтетін концертпен ашады. Кеш Корея Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасындағы дипломатиялық қатынастардың 30 жылдығы мен мәдени алмасу жылы құрметіне орай Қазақстан Республикасындағы Корея Республикасы елшілігінің Корей мәдени орталығы қолдауымен ұйымдастырылуда.

Суми Чо – өз замандастарының арасындағы ең сұранысқа ие сопранолардың бірі. Жазбалары мен күйтабақтары ең көп сатылатын әлемдегі классикалық әнші, оның қоржынында 50-ден астам жазба бар. Атап айтқанда, «Грэмми» сыйлығын иеленген «Көлеңкесіз әйел», Deutsche Grammophon үшін «Бал-маскарад» және 2019 жылғы қарашада Platinum Award жұлдесімен марапатталған соңғы «Mother» (Universal Records) дискісі.

Әншінің қоржынында ең сұранысқа ие опералық партиялар бар: «Риголеттодағы» Джильда, «Гофман ертегілеріндегі» Олимпия, «Севиль шаштаразындағы» Розина, «Лючия ди Ламмермурдағы» басты партия және т.б.

Нью-Йорктегі Метрополитен-опера, миландық Ла Скала театры, Ковент-Гарден корольдік опера, Вена мемлекеттік опера, Буэнос-Айрестегі Колон театры сынды әйгілі опера сахналарында өнер көрсетті. Сахна төріндегі серіктері Пласидо Доминго, Дмитрий Хворостовский, Анна Нетребко, Элина Гаранча, Анджела Георгиу және т.б. болды.

2021-2022 маусымда әнші Мәскеу, Париж, Таиланд, Сингапур, Гонконг, Австралия, Корея сынды елдер мен қалаларда гастрольдік сапармен халықаралық опера сахнасындағы 35 жылдығын атап өтті.

Белсенді мәдени әрі қоғамдық қызмет атқаруда; көркем фильмдерге түскен, танымал вокалдық халықаралық байқаулардың қазылар құрамына енген. 2003 жылы ЮНЕСКО «Әлем әртісі» болып сайлады, 2019 жылы Италия Жұлдызы орденінің кавалері атанды, есімі Азияның Даңқ залына енді, «Үздік корей мәдени бренді» және «Корей имиджі» марапаттарына лайық деп танылды (2022).

Мерекелік Гала-опера концертіне атақты әншімен бірге «Астана Опера» театрының жетекші солистері өнер көрсетеді. Солистер Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Алан Бөрібаевтың жетекшілігінде «Астана Операның» хоры мен симфониялық оркестрінің сүйемелдеуімен опералық ариялар мен дуэттерден жарқын бағдарлама ұсынады.

Баян АСЫЛБЕКОВА

www.astana-akshamy.kz

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген.
Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №106

Баспахана: Нұр-Сұлтан қаласы, Бейбітшілік көшесі, 8. 5-кеңсе «KOMEK INV» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК
astana.aqsham@gmail.com

Қабылдау бөлмесі:
тел./факс: +7 (7172) 42-43-81
Тілшілер бөлімі: 42-41-03
Жарнама: 42-43-52
Va-reklama@mail.ru

astana.akshamy@mail.ru

Кезекші редактор – **Айгүл УАЙС**